



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№22 (611)
5 маусым,
2025 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫНА — 33 ЖЫЛ

4 маусым – ел тәуелсіздігінің тірегі саналатын Мемлекеттік рәміздер күні. Бұл – Елтаңба, Ту және Әнұран арқылы ұлттық болмысымызды, рухани құндылықтарымызды дәріптейтін ерекше мереке. 1992 жылдың 4 маусымында қабылданған Мемлекеттік рәміздерге биыл 33 жыл толып отыр.

Көкжиекке жол ашқан Ту бейбітшілік пен келісімнің символы. Ортасындағы алтын күн, астында қалықтаған қыран бейнесі мен ұлттық өрнек – елдік пен егемендіктің ерекше белгілері. Ал көк түстің өзі адалдық, тазалық, сенім мен тұрақтылықты білдіреді. Тап қазақтың қыран бейнесіндей. Ал ел діндегіне айналған Елтаңбадағы әр бейне тарих пен танымның көрінісі болса, Гимн елдің рухын көтеріп, халықты бір мақсат, ортақ мүдде төңірегіне біріктіретін қасиетті ұран. Бұл ән – ел ертеңіне сенім ұялататын, азаматтық парыз бен ұлттық мақтаныш сезімін оятатын ерекше шығарма.

Мереке қарсаңында Елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен іс-шара барысында Мемлекет басшысы рәміздердің маңызына тоқталып, қазақстандықтарды мерекемен құттықтады.



– Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтеріміз. Бабаларымыз «Туынды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз қастерлі Отанымыз – Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау – қасиетті борыш, – деді Президент.

Иә, мемлекеттік рәміздер – өткеннің мұрасы, бүгіннің мақтанышы, болашақтың темірқазығы. Ұлтты ұлт ретінде танытатын, елдің егемендігін әйгілейтін қастерлі белгілер міндетті түрде әрбір азаматтың жүрегінен орын алуға тиіс.

Бүгінгі буынның басты міндеті – рәміздерді құрметтеп, жас ұрпаққа олардың мәні мен маңызын терең түсіндіру. Себебі, рәмізді қастерлеу – елді құрметтеудің, Тәуелсіздікті ардақтаудың ең биік көрінісі.

«АЖ» ақпарат

ҰБТ: ҮКІМ БЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?

Қазақстандағы білім беру саласында ең шешуші сәттердің бірі – Ұлттық бірыңғай тестілеу. Бұл – талапкердің біліміне қойылған шек емес, шын мәнінде ұлттың ертеңіне жасалған өлшеусіз инвестиция. Биыл 16 мамырда басталған емтихан 7 шілдеге дейін жалғасады. Бұл жолы 216 мың талапкер 399 мыңнан астам өтініш тапсырған. Бір жылда сұраныс пен жүктеменің артуы – білімге деген ұмтылыстың артуын ғана емес, жүйеде қордаланған мәселелердің де көлеңкесін көрсетеді.

ҰБТ-ның басты мақсаты – барша түлекке тең мүмкіндік беру. Бірақ бұл теңдік көбіне қағаз бетінде ғана бар. Ауыл мен қала арасындағы білім беру сапасы,



материалдық база, мұғалімдердің біліктілік деңгейі мен қосымша дайындық курстарына қолжетімділік – бәрі талапкердің нәтижесіне

әсер ететін басты факторлар. Бұл – білімдегі әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі.

4-бетте



ҚҰРБАН АЙТ — ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ, ИМАН МЕН НИЕТ ТОҒЫСҚАН КҮН

Құрбан айт – күллі мұсылман жұрты үшін қасиетті мереке. Бұл – тек құрбандық шалумен шектелмейтін, мейірім мен ниеттің, шүкір мен сабырдың, жомарттық пен имандылықтың көрінісі. Биыл бұл күн 6-маусымға бекітілді. Осы орайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қызылорда облысы бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаевпен сұхбаттастық.

– Дастан Жанасұлы, сұхбатқа келіскеніңіз үшін рақмет! Алдымен Құрбан айттың тарихы, мәні мен маңызы жайлы айтып беріңізші. Бұл күннің мұсылман баласы үшін орны қандай?

– «Сөздің басы бісімілла, бісімілләсіз іс қылма» демекші, сөзімнің басын бісімілләден бастайын. Сырбойлықтарды келе жатқан Құрбан айт мерекесімен құттықтаймын! Біз қазір қасиетті Зұлхитжа айындамыз. Бұл күндерде істеген сауапты істің сауабы еселеніп жазылады. Сондай-ақ бұл қажылық айларына жатады. Бірер күнде қажылықтың «Арапада тұру», «Мұздалифада түнеу», «Тас лақтыру» секілді ең үлкен рәсімдері басталады. Осы ретте қажылар мен құрбан шалуға ниет етіп отырған ағайынның ниеті қабыл болсын дегім келеді.

3-бетте

БАСПАСӨЗ-2025


«Ақмешіт жастары»
газетіне 2025 жылдың
II жартыжылдығына жазылу
жүргізілуде.
6 айға
жекелер, мекемелер үшін
2500 теңге.

Көз тастаған келешек
асқарына,
Жазылыңыз
«Ақмешіт жастарына».



ЖАЙЛАУДАҒЫ
ЖҮГЕРМЕК

7



ТАБИҒАТТЫ
ҚОРҒАУ –
ТӘРБИЕДЕН

8



АУЫЛДА КӘСІП ЖАНДАНСА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес бүгінде ауыл тұрғындарының табысын арттыру мен өңірлік кәсіпкерлікті дамыту мықтап қолға алынды. Бұл бағыттағы бағдарламалардың тиімді жүзеге асып жатқанын Сыр бойындағы аудандардың тыныс-тіршілігінен де анық байқауға болады. Мәселен жақында ұйымдастырылған баспасөз туры барысында Жаңақорған мен Шиелідегі байыпты бастамаларды көріп қайттық.

Бір топ БАҚ өкілі бет алған Жаңақорғанның ілкімді істерін көргенде өңменімізден өткен жел мен шекені тырыстырған шанды ұмытып та кеттік. Бүгінде шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесінде жаңақорғандықтардың еңбекке деген ықыласы арта түскен. Мемлекеттік қолдауға сүйенген кәсіп-

керлер кәсібін өрге сүйреп, жаңа жұмыс орындарын ашып отыр.

2



Басы 1-бетте

АУЫЛДА КӘСІП ЖАНДАНСА

Мысалы жартылай фабрикаттар өндіретін кәсіпорын «Армеди» өнімдері бүгінде тұрақты әрі сұранысқа ие. Аяқ басқан алғашқы нысанда жеке кәсіпкерліктің басшысы Қаракөз Бектөреева күтіп алды. Кәсіпкерлікке нақты бет бұрғанына 5 жыл болған Қаракөз ханым алғашында жеке қаражатымен бастаған. Ал 2021 жылы 540 мың теңге көлемінде мемлекеттік грант жеңіп алып, кәсібін кеңейте түскен. Былтыр 50 миллион теңге несие алып, өндірісті жаңғырту жұмыстарына кірісті. Бұл қолдаудан кейін жаңа техникалар алып, өнім көлемі бірнеше есе артқан.

– Қазір күніне 400–500 келіге дейін өнім өндіреміз. Жеңілдетілген несие алған соң техникалар да көбейді. Қамыр илейтін, жаятын құрылғылар, мұздатқыштар, жеткізуші көліктер алынды. Соның арқасында өнімділік артты. Енді Қызылорда, Түркістан қалаларына, Шиелі ауданы мен өзіміздің Жаңақорғанға күнделікті өнім жеткізіп отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпорында 28 адам қызмет етеді. Ал ассортиментте котлет, тефтели, сырники, бөрек, самса қамыры секілді 28 түрлі өнім бар.

– Сигара-бөрек төрт түрлі салмамен дайындалады. Сонымен қатар, самса қамырын да өзіміз дайындап, Түркістан, Шиелі, Жаңақорған және Қызылорда қалаларына жеткіземіз. Біздің өнімді алатын дүкен саны бүгінде 30-ға жуықтаса, оның 15-тен астамы Жаңақорған ауданының өзінде орналасқан. Кей ірі супермаркеттерде өзіміздің тоңазытқыштарымыз бар. Оларды да күнделікті толықтырып отырамыз, – деді ол.



Ең қызығы, тағам өндірісінде жүрген Қаракөз Бектөрееваның негізгі білім алған саласы – медицина.

Әрі қарай жылыжай жұмысын жолға қойған Айымбетовтер отбасына жолымыз түсті. 2020 жылы небәрі 2 сотық жерден басталған іс бүгінде аудан көлемінде танымал шағын шаруашылыққа айналған. Осыдан 2 жыл бұрын «Ауыл аманаты» арқылы 4 миллион теңге шамасында жеңілдетілген несие алып, бағдарлама тиімділігінің арқасында жер көлемін ұлғайтқан. Былтыр 8 сотық жерге қызанақ пен қияр ексе, биыл бірыңғай қияр еккен. Ал енді күзге қарай қайтадан 4 сотық жерге қияр, 4 сотық жеріне қызанақ егуді жоспарлап отырғанын айтты.

– Бұл іс – отбасылық кәсіп. Әкем, анам, келіншегім де көмектеседі. Енді биыл көмекке інім қосылады. Себебі шаруашылықты үлкейту жоспарда бар. Облыс әкімінің қолдауымен жақын арада 1 гектар жер беріледі. Жылыжай өндірісі одан әрі дами түспек, – дейді Наурызбек Айымбетов.

Отбасылық шаруашылық өнімдерін аудан ішіндегі дүкендерге өткізеді. Сондай-ақ үйге келіп сатып алушылардың да қарасы қалың екен. Бағасы да базардағы бағадан шамамен 50 теңгеге арзан. Ең бастысы көгөніс терілген күні-ақ сатылып кетеді.

– Барлығы – жаңа, табиғи өнім. Күніне не теріпсе, соны халыққа ұсынамыз. Бұл істі бастауға әкем себепкер болды. «Ауылда мұндай жылыжай жоқ» деп, алғашында өзі қызығушылық танытқан. Қазір бүкіл отбасы бірігіп, шаруашылықты дөңгелетіп отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Бақшада жеміс ағаштары да бар. Алмұрт пен өрікшің 7-8 түрі, алманың 4-5 сорты, жүзімнің бірнеше түрі, тіпті анар да өседі. Наурызбайдың айтуынша, жылыжайға тамшылатып суару жүйесі өте қолайлы. Суды үнемдеп, егісті тиімді жүргізуге болады.

Келесі кезекте – макарон өндірісі. Жаңақорған халқын макаронмен қамтасыз етіп отырған «Рауан» ЖК шағын өндіріс цехында сағатына 200



келі, күніне 4-5 қап өнім шығады. Бұл іске машықтанған Еркінбай Шідербаев сұраныстың жоғары екенін айтады.

– Цехқа қажет құрылғыларды алып, биыл ақпанда жұмысты бастап кеттік. Қазір макаронның төрт түрін ұсынудамыз. Өнімнің сапасына ерекше мән береміз. Ешқандай бояғыш пен қоспа қолданбаймыз. Тек жұмыртқа мен маргарин қосамыз. Сол үшін де сапасы жоғары, дәмі керемет. Тұтынушылар тарапынан шағым жоқ. Цехта 4 адам жұмыс істейді. Екеуі өнім шығарса, қалғаны буып-түюмен айналысады. Макарон күнделікті тұтынатын өнім. Сондықтан нарықтағы орынмызды кеңейтіп, өндіріс көлемін ұлғайту жоспарда бар, – деді Еркінбай Шідербаев.

Аудан бойынша 6500 кәсіпкер тіркелген. Оның 96 пайызы толық жұмыс істейді. Ал «Ауыл аманаты»

қосылуы мүмкін. Егер ол іске қосылса құс саны да, жаңа жұмыс орны да көбейеді. Ал кооператив өкілдері арасында кіріс алдын ала жасалған келісім негізінде әділ бөлінеді. Бұл – ортақ істің әділ әрі сенімді жүргізілуінің кепілі.

Шиеліде осындай тың бастамалардың жүзеге асып жатқанын көңіл қуантады. Бір жағынан – кәсіп, екінші жағынан – ауыл тұрғындары үшін тұрақты табыс көзі. Ал осындай елге пайдалы істерге қолдау көрсетіп отырған «Ауыл аманаты» бағдарламасының да әлеуеті зор. Мысалы былтыр 150-ге жуық жоба мемлекет тарапынан қаржыландырылса, биыл «Ауыл аманаты» аясында 75 жоба жеңілдетілген несие алды.

Жұмыс барысымен танысқан нысанның бірі – қағаз майлық өндіретін цех. Бұл кәсіпті Нұрбол Есетов былтыр қолға алған. Быыл сәуір айында мемлекеттен 50 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, кәсібін кеңейту бағытында жұмыс істеп жатыр.

– Кәсіптің алғашқы баспалдағында өз қаражатымынан 10 миллион теңге қостым. Қазір өндірісті кеңейтіп жатырмыз. Алдағы уақытта әжеғхана қағазы мен асуі майлығы секілді өнімдер шығаруды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар 8 жұмыс орнын ашу ойда бар, – дейді кәсіпкер.

Өндірістік қуаттылығы – күніне 1200 бума сalfетка. Бұл шамамен айына 2 тонна дайын өнім деген сөз. Шикізатты Шымкент пен Алматы қалаларынан алдырады.

– Бағасы да қолжетімді. Өнім санына қарай 112, 115 және 120 теңгеден сатылып жатыр. Қазірдің өзінде сұраныс жақсы, – дейді Нұрбол Есетов.

Шиеліде жеңіл өнеркәсіппен қатар ауыр өнеркәсіптің де әлеуеті артып келеді. Соның бір дәлелі – «Гежуба Цемент» зауыты. 2018 жылы іске қосылған бұл кәсіпорын еліміздегі ең ірі цемент өндіруші өндіріс ошақтарының бірі. Зауыт құрылған күннен бастап отандық нарықты сапалы құрылыс материалдарымен қамтамасыз етіп келеді. Жылына 1 миллион тоннаға дейін цемент өндіру мүмкіндігі бар зауыттың тәуліктік қуаты – 4 мың тонна. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның тұрақты жұмыс істеп, технологиялық тұрғыдан толық жарақатанғанын айғақтайды. Зауыт өнімдері бүгінде еліміздің онтүстік өңірлеріндегі құрылыс нысандарында кеңінен қолданылып жатыр. Ал өнімнің 15 пайызы шетелге жіберіледі.

– Біздің басты артықшылығымыз – отандық шикізатқа негізделуіміз. Өндірістік қажеттіліктің 80 пайызы жергілікті, яғни Шиелі ауданының өзінен, ал қалған 20 пайызы басқа облыстардан жеткізіледі. Бұл өз кезегінде жергілікті экономиканы дамытуға ықпал етіп, шикізат тасымалына кететін шығынды азайтады, – дейді зауыт қызметкері Табиғат Әбеков.

Қазіргі таңда зауытта 600-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Олардың бәрі де өз ісінің мамандары. Алғашқы жылдары қытайлық мамандар басым болғанымен, бүгінде мамандардың 97 пайызы қазақтар.

Бастысы өндірістік процесс толықтай заманауи технологиялармен жабдықталған. Цемент өндірісі – адам өмірі мен қоршаған орта үшін аса жауапты сала. Осыған орай, зауытта қауіпсіздік техникасы мен экологиялық стандарттарға ерекше мән беріледі. Барлық жұмыс процестері халықаралық талаптарға сай жүргізіледі.

Міне, баспасөз туры барысында екі ауданның тұрмыс-тіршілігімен танысып, кәсіпкерлердің жұмысын көріп қайттық. Ауылда кәсіп жанданса – тұрмыс түзеліп, өңірдің еңесі тікеледі.

Әлия ТӘЖІБАЙ,
Қызылорда-Жаңақорған-Шиелі-Қызылорда



ЖАСТАР

жаңалықтары



ҒАСЫР СӨЙЛЕЙДІ

Түп тарихында үш дәуірдің астанасы болған, одан бері кешегі ХХ ғасырдың басында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының астанасы Ақмешітте өткен алқалы жиында бас қаланың аты Қызылорда болып өзгертілгені, сонымен қатар, Алаш зиялыларының бастамасымен ұлтымызға «қазақ» атауы қайтарылғанына биыл 100 жыл толып отыр. Осыған орай ісшаралар легі А.Тоқтағамбетов атындағы қалалық мәдениет Үйінде «Ғасыр сөйлейді» деген атаумен басталды. Қалалық «Жастар театрының» әртістері сахналаған қойылыммен ашылған тарихи-танымдық кештің алғысөзін сөйлеген қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожасев шаһарымызды және оның терең тарихын мақтан тұту керектігін атап өтті.

Белгілі режиссер-сценарист, қалалық «Жастар театрының» көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов Қызылорда тек астана ғана емес, елдің рухани ордасы болып, кәсіби ұлт театрының негізі осында қаланғанын тілге тиек етсе, Әбділла Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас шаһар тарихынан сыр шертетін тың деректерді ортаға салып, келелі ой айтты. Сондай-ақ, Қызылорда облыстық тарихи мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ерғазы Алданазаров көне ғимараттардың тарихына тоқталды.

Тарихи-танымдық кеш барысында Махмұтбай Әміревичтің сөзіне жазылған Тәңірберген Қалауовтың әні «Қызылорда вальсі», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде», қала өнерпаздарының орындауында Рамазан Таймановтың «Қызылорда» әндері шырқалып, бір топ жастардың мәнерлеп оқуында Қызылордаға арналған поэзиялық туындылар, Руслан Бурабайдың «Қызылорда» күйі ұсынылды.

«ҚАМБАШ» ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ ЛАГЕРІ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығындағы балаларға арналған жазғы тынығу лагерінің ашылуы өтті.

Салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Н.Бохаев қатысып, жылы лебізін жеткізді. Сонымен қатар аудандық аудандық мәслихат төрағасы Б.Төреәхметов пен аудандық білім бөлімінің басшысы С.Жаназарова қатысып, балалардың қызықты демалыс өткізуіне тілектестік білдірді.

Салтанатты кеште орталық тәрбиеленушілері өз өнерлерін ортаға салып, мың бұрылған бишілер мен жетандай өңшілер көрермен көзайымына айналды. Шарада лагердің алғашқы легіне келген тынығушылар кешкілік алау отын тұтандырып, естеліктермен бөлісті. Мерекенің соңы әсерлі от шашумен аяқталды.

Атап өтейік, «Қамбаш» жазғы тынығу лагері биылғы жылы 7 ауысым бойынша 1000-нан астам баланы жазғы демалыспен қамтиды. Ал бүгінгі тынығу лагерінің алғашқы ауысымына 130 бала қабылданды.

СПОРТ САЙЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күні мерекесіне орай Жалантөс баһадүр атындағы орталық стадионда қайсар жандар арасында мылтықпен нысананы көздеу, тоғызқұмалақ, дойбы, қолқұрес ойындарынан сайыс ұйымдастырылды.

Жарысқа «Қазақ соқырлар қоғамы» және «Қазалы аудандық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестіктерінің 20 мүшесі қатысты.

Тартысты өткен спорттық шараның қорытындысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимні орындалды. Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Ақтілеу Бөріқұлаков және Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің бас маманы Әділбек Снадинов жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айтулы мерекемен құттықтап, арнайы дипломдар, алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Спорттық сайыс Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Тұрмысы төмен отбасылар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау» әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылды.

ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯ

2025 жыл – Қазақстанда Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай, өскелең ұрпақтың бойында еңбекке деген құрметті арттыру, болашақ кәсібін дұрыс тандауға бағыт беру мақсатында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Жаңажол ауылдық округіндегі «Жаңажол шаруашылығына» танымдық экскурсия өткізілді.

Экскурсия барысында қатысушыларды «Жаңажол» ЖСШ директоры Орынбасар Төлепов күтіп алып, алма бағында бау-бақша шаруашылығының қыр-сырымен таныстырды. Жастар еңбек адамдарының тынымсыз тіршілігін көзбен көріп, бау-бақша күтімі, жеміс ағаштарын өсіру және өнім жинау секілді жұмыстардың маңыздылығына қанықты.

Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарының сан қырлы бағыттары туралы пайдалы мағлұмат алып, кәсіби бағдарға қатысты мол тәжірибе жинады.

АУДАН ӘКІМІ КУБОГЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Қ.Қазантасев атындағы аудандық мәдениет үйінде аудан әкімінің кубогы үшін ұйымдастырылған әуесқой футбол мен волейбол лигасының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жеңімпаз спортшыларды құттықтап, жеңіске жеткен командалар мен үздік ойыншыларды марапаттады.

Волейбол бөсекесінің қорытындысы бойынша I орынды №123 мектеп-лицей командасы жеңіп алса, II орынға «Достар» командасы лайық деп танылды. Ал, жүлделі III орынды «Еңбек» және «Бұқарбай батыр» командалары өзара бөлісті. Жекелеген шеберлігімен көзге түскен ойыншылар да арнайы марапаттарға ие болды.

Сондай-ақ футбол додасының нәтижесі де жоғары деңгейде өтті. Бұл спорт түрінен I орынды «Иса Ата» командасы иеленсе, II орын «Наркескен» командасына бұйырды. Жүлделі III орынды «Ақсу» және «Адия» командалары өзара бөлісті. Турнир барысында ерекше ойын өрнегімен көзге түскен футболшылар да арнайы номинациялармен марапатталды.

Жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар аудан әкімінің алғыс хатымен, медальдармен және аудан әкімінің кубогымен марапатталды. Салтанатты шара соны жергілікті өнерпаздар мен спортшылардың концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрерменге ерекше көңіл-күй сыйлады.

ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ

Қазақстан Республикасының барлық аумағында «Халық заңгері» ауқымды республикалық акциясы бір мезгілде өткізілді. Тереңөзек кентінде аудан әкімінің орынбасары Талғат Нұртазаев, Қаржы мониторингі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің жедел уәкілі Бибінұр Таубай, аудандық прокуратураның прокуроры Асель Төлегенова, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қасымхан Асанұлы және де заңгерлер, адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері тұрғындардың барлық сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, акция аясында 100-ге жуық азаматқа заң тұрғысынан көмек көрсетілді.

Жалпыреспубликалық акция Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен және ҚР Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, ҚР Әділет министрлігі, Zakon.kz желілік басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, Республикалық адвокаттар алқасы, мемлекеттік билік органдары, Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттарының ұйымдастыруымен өткізілді.

ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Мендалиев Шиелі ауданы әкімдігі мен ауданға қарасты мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың жастарымен кездесіп, осы жылдың I маусымынан бастап елімізде Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталатындығы туралы ақпарат ұсынды.

Департамент басшысы Президенттік жастар кадр резерві – егемен еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосам деген жастарға мүмкіндік беретін бірегей жоба екендігін айта келе, шәбәтін негізгі мақсаты – дарынды, бастамашыл, жаңаша ойлайтын жастарды мемлекеттік басқару ісіне тарту екендігін атап өтті.

Президенттік жастар кадр резерві жобасының негізгі мақсаты мен міндеттері, жобаның өңірдегі жүзеге асырылуы және мемлекеттік қызметке талантты жастарды көптеп тару бағытында атқарылған іс – шараларға кеңірек тоқталып өтті.

Кездесу соңында аталған іріктеуге қызығушылық танытқан жастардың сұрақтарына жауаптар берілді.

ЖАСТАР КЕҢЕСІ ӨТТІ

«Руханият» орталығының мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Бектас Балғабайұлының төрағалығымен жастар ісі жөніндегі кеңестің I және II отырыстары өтті.

Кеңес отырысының күн тәртібінде сегіз мәселе қаралды. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауда атқарылатын жұмыстардың барысы жайлы талқыланды. Жастар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және бұқаралық спорт жүйесін дамытуға атқарылған жұмыстардың есебі жайлы, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың есебі баяндалды. «Отбасы цифрлық карта» базасында NEET санатындағы D, E категориясына жататын жастармен атқарылған жұмыстардың есебі баяндалды. Күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты қаралып, тиісті мекеме басшылары мен кент ауылдық округ әкімдеріне тапсырмалар берілді.

«АЖ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАП

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРІА

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

Басы 1-бетте

ҚҰРБАН АЙТ – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ, ИМАН МЕН НИЕТ ТОҒЫСҚАН КҮН



Құрбан – араб тілінде «жакындау» дегенді білдіреді. Яғни пенденің өз мал-дүниесінің бір бөлігін Құдай жолына киюы, құрбан етуі арқылы Құдайға жакындауы. Ал «айт» сөзі – «мереке», «шаттық» деген мағына береді. Өйткені бұл күнде мұсылмандар құрбан шалып қана қоймайды, бір-бірін айтпен құттықтайды, қонаққа шақырады, құрбандыққа шалынған мал етін мұқтаждарға таратып, оларға да қуаныш сыйлайды.

Ал енді құрбан шалудың тарихын айтар болсақ, оның тарихы тым тереңде. Ол сонау Адам атаның заманынан бастау алады. Адам атаның екі баласы Абыл мен Қабылға Алла Тағала құрбан шалуды бұйырады. Бұл оқиға Құранда «Мәида» сүресінің 27-аятында: «Оларға Адамның екі ұлының басынан өткен ғибратты оқиғаны айтып бер: Олардың әрқайсысы бірер құрбан шалған еді. Сонда Абылдың құрбандығы қабыл болып, Қабылдық қабыл болмады. Сол кезде құрбандығы қабыл болмаған Қабыл бауырына: «Сені өлтіремін», – деді. Ол болса: «Расында, Алла өзіне тиісінше тағзым ететін һәм қарсы келмейтін тақуа құлдарынан ғана қабыл алады», – деп жауап айтқаны баяндалады.

Қисса кітаптарына сүйенсек, Қабыл Абылдан жасы үлкен және диқаншылықпен айналысқан деседі. Ал Абыл мал бағуды кәсіп еткен көрінеді. Екеуі Аллаға арнап құрбандық әкелгенде Абылдың шын ниетімен әкелген семіз қошқары қабыл болып, Қабылдың ниетсіз әкелген нашар бидайы қабыл болмайды. Сондай-ақ бұл қиссаны қазақтың діни қисса-дастандарынан да кездестіруге болады.

Құрбандықтың бұдан кейінгі тарихы Ибраһим пайғамбарға барып тіреледі. Бір күні Ибраһим пайғамбар түсінде баласын өз қолымен бауыздап жатқанын көреді. Пайғамбарлардың түсі Алладан келген аян болса да, ол бұл жолы көрген түсін көңілге алмай жүре береді. Ертеңіне дәл сол түсті тағы да көреді. Сол кезде барып оның жай түс емес, Алланың әмірі екенін біледі. Міне, осы күнді біз «арапа» күні деп атаймыз. Арапа – араб тілінде «білді» деген мағына береді. Үшінші күні, яғни қазіргі Құрбан айт күні Ибраһим баласын құрбандыққа шалмақ болғанда, Алла Тағала оны сынағанын

айтып, құрбандыққа шалуға көктен қошқар түсіреді.

Бұл оқиға «Саффат» сүресі, 103-107-аятта: «Содан екеуі де Жаратқанның жарлығына қалтықсыз мойынсұнып, Ибраһим баласын оң жақ қырымен жерге жатқызғанда Біз оған: «Уа, Ибраһим!», – деп үн қаттық. Сен түсінде көрген иләһи пәрменді (һәм өзіңнің Аллаға шын берілгендігіңді дәлелдедің, енді балаңды құрбандыққа шалмай-ақ қой). Біз бейне бір Алланы көріп тұрғандай жан-тәнімен игілікті істер істейтін жандарды, міне, осылай марапаттаймыз. Шүбәсіз, бұл үлкен сынақ еді. Нәтижесінде оған баласының орнына ірі құрбандық нәсіп еттік», – деп баяндалған.

Осы сара жолды Мұхаммед пайғамбар да жалғап, құрбан айтта құрбан шалды, шамасы жетегін мұсылмандарға да құрбан шалуды бұйырды. Сондықтан мұсылман үмбеті үшін бұл күннің маңызы зор. Өйткені құрбандықтың мәні мал-дүниесін Құдай жолында құрбан ете білуде жатыр. Бұл бізді дүниеге қатты беріліп, ағайын-туыстан алыстамауға, ашкөзденіп басқаның мал-мүлкіне қол сұқпауға және тағы да басқа жақсы қасиеттерге баулиды.

– Құрбан айтта қандай амал орындалу керек? Құрбан шалу тек мал союмен шектелмейді. Ниет еткен адам қандай талап-шартты ескеруі қажет?

– Құрбан айт, сол сияқты Ораза айт та алдымен айт намазын оқудан басталады. Сондықтан ерте тұрып, дәрет алып, үйіне жакын мешітке айт намазын оқуға барған дұрыс. Айта кетейік, биыл Құрбан айт маусымның 6,7,8 күндеріне сәйкес келеді, ал айт намазы 6 маусымда Қызылорда облысы бойынша 6:00-де оқылады.

Содан кейін құрбан шалуға міндетті болған мұсылмандар құрбан шалуы керек. Оның сауабы жайында Пайғамбарымыз (с.а.у.) былай деген: «Құрбан айт күндері адам баласының істейтін амалдарының ішінен Аллаға ең сүйкімдісі – қан ағызу (құрбан шалу). Шалған құрбаны қиямет күні мүйізімен, жүнімен және тұяқтарымен келеді (яғни, бөз қалпында алдынан шығады). Шалған құрбанының қаны жерге тамбай тұрып, Алланың құзырында өз орнын иемденіп қояды (яғни, мұсылман құрбанын шалар-шалмас Алла онысын қабыл етіп қояды). Олай болса,

шын жүректен құрбандарынды шалыңдар!».

Бұл жерде «міндетті болған мұсылмандар» деп бүгінде 2 746 000 теңгесі, ал ескіше 85 гр алтынды құрайтын артық қаражаты бар немесе 40 қойы, болмаса 30 сиыры, болмаса 5 түйесі бар адам меңзеледі. Ондай қаражаты, малы жоқ, бірақ құрбан шалғысы келетін мұсылмандарға да құрбан шалуға болады, бірақ міндет емес. Шалған жағдайда олар да сауабын алады.

Иә. Дұрыс айтасыз. Бұл күндерде тек құрбан шалумен ғана шектелмеу керек. Отбасын қуанытып, ағайын-туыс, көрші-көлемді құттықтап, айналасына мерекелік көңіл күй сыйлауға тырысу керек. Оның үстіне қазақта «айттау», «айттық» беру деген жақсы дәстүр бар. Міне, осының барлығын жаңғыртып, дінімізді де, дәстүрімізді де дәріптеуге болады.

– Құрбандықты айт намазы оқылғаннан кейін шалу қажет. Мұның мәні неде? Жалпы мал қай уақытта, қалай шалынуы керек? Жасы, түрі бойынша ескеру қажет жайт бар ма?

– Реттілік бойынша, алдымен айт намазы оқылады, содан кейін құрбан шалынады. Өйткені «Кәусар» сүресінің 2-аятында: «Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал», – деп осы реттілікпен бұйырған.

Құрбан шалу айт намазы біткеннен бастап, Құрбан айттың үшінші күнінде күн батуға қарағанға дейін жалғасады. Қой, ешкі, сиыр мен түйе малы құрбандыққа жарайды. Қой мен ешкі 1 жастан, сиыр 2 жастан, ал түйе 5 жастан асқан болуы шарт. Тек семіз болған жағдайда ғана қойдың 6 айдан асқаны жарайды. Сондай-ақ көзі көрмейтін, бір көзі жоқ, ақсақ, тым арық, тістері жоқ, құлағы кесілген, желіні кепкен, құйрығы немесе құлағының үштен бір бөлігінен көбі кесілген малды құрбандыққа шалу дұрыс емес. Алайда мүйізі жоқ, мүйізі сынған, құлағы жарылған немесе тесілген малды құрбандыққа шалуға болады. Сонымен қатар піштірілген малды да құрбандыққа шалады.

– Малдың еті үшке бөлінеді. Өзіне, туысына және мұқтажға теңестіріледі. Ал қазір көп адам түгелдей таратады немесе тек өзіне қалдырады. Бұл қаншалықты дұрыс?

– Бұл мұсылманның өз еркіне қалдырылған мәселе. Бір бөлігін алып қалып, қалғанын таратса да, толықтай таратса да болады. Оны әркім өзінің жағдайына сай амал еткені дұрыс.

– Құрбан айт тек діни емес, әлеуметтік міндетті де атқаруда. Мешіт тарапынан мұқтаж жандарға көмек қалай ұйымдастырылуда?

– Исламда зекет беру, құрбан шалу деген сияқты мал-дүниеге байланысты ғибадаттарда мұқтаж жандардың мүддесі көбірек көзделеді. Сондықтан бұл күндерде біз, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және оған қарасты елдегі барлық мешіт мұқтаж отбасыларды етпен қамтамасыз етуге тырысамыз. Мысалы, былтыр ҚМДБ-ға қарасты «Зекет және қайырымдылық» қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен «Раббың үшін құрбан шал» қайырымдылық акциясы аясында облыс көлемінде 10058 отбасыға 121 тонна 319 келі ет таратылды.

Біз құрбан айттан бұрын жергілікті әкімшілікпен бірлесіп мал шалу орнын белгілейміз. Сол жерге келіп немесе онлайн тапсырыс беру арқылы мал шалған тұрғындар белгілі бір бөлігін мұқтаждарға деп қалдырып кетеді. Сонымен қатар алдын ала белгіленген мешіттерде ет қабылдау пункті жұмыс істейді. Үйінде сойған тұрғындар етінің бір бөлігін сол мешіттерге апарып береді. Біз барлығын жинап, алдын ала «Отбасын қорғау орталығынан» алынған тізім бойынша мұқтаж отбасыға таратамыз. Оны мешіт қызметкерлері мен мешіт жамағатынан құрылған еріктілер тобы орындайды. Мұнан бөлек, құрбандық еттерін қарттар мен балалар үйіне және аурухана секілді мекемелерге жеткіземіз.

– Ал құрбан шалуға онлайн тапсырыс беру шаригатқа сай ма? Мұндай қызмет халыққа жеңіл болғанымен, рухани тереңдікке зиян келтірмей ме? Бұл жөнінде не ойлайсыз?

– Иә, мұндай қызметті ҚМДБ-ның пәтуа бөлімі мақұлдаған. Қашықтан құрбан шалу бұрыннан бар. Мысалы біреудің құрбан шалуға қолы тимейтін болса, бұл істі басқа адамға тапсырады. Ол сол кісінің берген қаражатына мал сатып алып, соның атынан ниет етіп сойып беретін болған.

Бүгінде мұндай қызметті ҚМДБ-ға қарасты «qurban.muftuat.kz» сайты жүзеге асыруда. Өйткені көпқабатты үйде тұратындар, жұмыстан босай алмайтындар, сапарда жүргендер секілді түрлі себептен өз қолымен құрбан шала алмайтын адамдар бар. Бір жағынан бұл заман талабы деп ойлаймын. Әрі осындай жайтты ескеріп, ел мұсылмандарына

жағдай жасаған мүфтияттың еңбегі деп есептеймін.

– Мейрам қарсаңында мал бағасының қымбаттауы да қалыпты жағдай. Сұраныс артқан сайын баға да шарықтайды. Осы мәселе бойынша қандай да бір шара қолданыла ма?

– Жыл сайын Құрбан айт қарсаңында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы ел кәсіпкерлерін мал бағасын қымбаттатпауға үндейді. Имамдар да өз кезегінде мал базарын аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Мен де облыстағы мал саудасын кәсіп еткен азаматтарға «Тек дүниелік пайданы ғана ойламай, ақиреттік азығымызды да қамдайық» деп үндеу тастаймын. Өйткені басқалардың сауап алуына себепші болу да сауап. Оның үстіне, сатып алушының басқа амалы жоқтығын көріп тұрып, тауарды әдейі қымбаттату – күнә.

– Құрбан айт баланың бойына мейірім мен қайырымдылықты сіңіру үшін үлкен мүмкіндік. Ата-аналарға осы ретте қандай жауапкершілік жүктеледі?

– Дұрыс айтасыз. Біз Ислам дінінен өзіміз үйренген тағылымдарды балаларымызға да үйрете білуіміз керек. Өйткені олар елдің, ұлттың болашағы. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Ең жақсы мұра – тәрбие!», – деп айтқан. Құрбан айттың бірінші күнінде мемлекеттің демалыс беруі де қазақы менталитетті ескеруі деп білемін. Өйткені Құрбан айтта «айттау» деген дәстүр бар. Бұл тек өз отбасына ғана көңіл бөліп қоймай, ағайын-туысты аралауды, олардың хал-жағдайынан хабар алуды үйрететін дәстүр. Қазір түрлі әлеуметтік себептің кесірінен ағайын-туыстың арасы алыстап бара жатқанын барлығымыз байқап отырмыз. Ең жақын туысының өзін танымайтын балалар өсіп келе жатыр. Бұл да дабыл қағуды қажет ететін фактор. Өйткені біз қазақы қалпымызды бұзып алсақ, жақсы қасиеттерімізден де айырыламыз. Сондықтан бұл күндерде отбасыға, балаларға көңіл бөлу, мүмкіндігінше ағайын-туысқа айттап бару – ең сауапты істердің бірі деп ойлаймын. Алла Тағала елімізді, халқымызды барлық жамандық атаулыдан сақтасын! Айттан айтқа аман-есен жете берейік!

– Жауабыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Әлия ТӘЖІБАЙ



ҰБТ: ҮКІМ БЕ, МҮМКІНДІК ПЕ?

Басы 1-бетте

Биыл тестілеуге қатысушылардың 75%-ы қазақ, 25%-ы орыс тілінде тапсырса, небәрі 266 талапкер ағылшын тілін таңдаған. Бұл көрсеткіш елдегі үштілділік саясатының әлсіздігін айқындайды. Ағылшын тілінде ойлау, жазу, тест тапсыру деңгейіне жету үшін тек пән ретінде оқыту жеткіліксіз. Тіл – құрал ғана емес, таным жүйесі. Осы жүйеге бейімдеу әлі де формалды деңгейде қалып отыр. Ал тіл білу – заман талабы десек жаңылмаймыз.

Академиялық адалдық қысым болмауы керек

Тест кезінде әр талапкерге жеке тест нұсқасы ұсынылып, калькулятор мен кестелер берілгені – оң қадам. Бірақ қауіпсіздік шаралары: металл детектор, сигнал басушы құрылғылар мен бейнебақылау – жүйенің сенімге емес, шектеуге сүйенетінін көрсетеді. Білім жолындағы жас өренге сенім ұялатудың орнына, қорқынышқа орын беру – психологиялық қысымды үдетіп, нәтиженің әділеттілігіне емес, үрейдің деңгейіне тәуелді ететіндей. Ұлттық тестілеу орталығының мәліметі бойынша, ҰБТ-ның екінші аптасында 116 мың рет тест тапсырылып, оның 66,8%-ы шекті балл жинаған. Сондай-ақ ереже бұзғаны үшін 142 адамның нәтижесі жойылған.

Грантка емес, мамандыққа қызық!

Бүгінгі талапкердің басты мақсаты – мемлекеттік грантка ие болу. Бұл жеке жетістіктен бұрын, отбасының үміті, ата-ананың арманы. Бірақ шектеулі грант саны мен бәсекенің тым жоғары болуы – күйзеліске бастайтын жол. «ҰБТ – өмірдің соңы емес» деумен шектелу жеткіліксіз. Грантка ілікпегендерге балама бағыттар мен екінші мүмкіндік беретін тиімді, жүйелі платформа қажет. Осы бағытта мемлекет тың идеяларды жүзеге асырса қоғамда «жұмыссыздық» секілді бірқатар өзекті мәселелер шешімін табар еді.

Талапкерлердің көбі шынайы қызығушылығына емес, грант көп бөлінетін мамандықтар бойынша оқуға тұсуге ұмтылады. Бұл білім беру жүйесіндегі үлкен

мәселенің басы. Нәтижесінде жастар немқұрайлы оқып, мамандығына бейімделмей, жұмыссыздар қатарына қосылады немесе мүлде басқа салаға бет бұрады. Бұл – ел қаржысының, қоғам үмітінің желге ұшуы. Мамандық таңдау – жүректен шығатын, жауапкершілікпен жасалатын шешім болуы тиіс. Себебі бұл да ұлт болашағына тікелей әсер ететін қадам. Әрбір жастың дұрыс таңдалған мамандығы – оның өмір жолының берік негізі ғана емес, елдің дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі. Сондықтан мамандық таңдау тек жеке мүдде емес, ұлт алдындағы жауапкершілік екенін ұмытпаған жөн.

Білгенге маржан

Мемлекеттік грант иегерлерінің үш жыл мамандығы бойынша жұмыс істеу талабы – заңмен бекітілгенімен, оны білетіндер аз. Бұл шартты орындамаған жағдайда мемлекетке ақшаны қайтару қажеттігі туындайды. Бірақ бұл талап мектеп қабырғасынан бастап кең көлемде түсіндірілмейді. Ақпараттың жетіспеуі – сансыз түлектің болашақ алдындағы қателігіне айналуы мүмкін.

Құрылымы күрделі тестілеу

Ең көп таңдалатын пән жұбы – «Математика-Физика» (16,5%), одан кейін – «Биология-Химия» (15,6%) және «Математика-Информатика» (9,7%). Бұл – техникалық, медициналық және IT бағыттарына бетбұрыс бар екенін білдіреді. Бірақ бұл таңдау көбіне трендтің әсерінен туындап отыр. Мамандық таңдау алдында кәсіби бағдар беретін жүйелі, дербес кеңес қажет. Тек сол кезде ғана талапкер өз орнын таба алады.

ҰБТ құрылымы биыл да бұрынғы қағидамен жүргізілуде үш міндетті пән мен екі бейіндік бағыт бойынша жалпы 120 тапсырма ұсынылады. Қазақстан тарихынан – 20, оқу сауаттылығынан – 10, математикалық сауаттылықтан – 10, ал әр бейіндік пәннен – 40 сұрақ. Барлығы 140 балл жинауға мүмкіндік бар. 240 минут – сынаққа берілетін уақыт, ал ерекше қажеттіліктері бар талапкерлерге қосымша 40

минут қарастырылған. Ең бастысы – әділдік пен ашықтық сақталуы. Сол үшін тестілеу аяқталғаннан кейін жарты сағат ішінде мазмұн бойынша, ал тестілеу кезінде техникалық себептер бойынша апелляцияға өтініш білдіруге болады. Сертификаттың тағдыры – енді санға емес, санаға тірелген. Әрбір өтініш талапкердің жеке кабинетінде тіркеліп, Республикалық апелляциялық комиссияның қарауына ұсынылады. Білімнің бағасы да, баланың үміті де енді сол электронды терезенің ар жағында шешіледі. Апелляциядан бас тартқан жағдайда сертификат бір жұмыс күнінің ішінде қолжетімді болады.

Айта кету керек, биылғы ҰБТ сынағының шынайылығы тек аудиториядағы бақылаумен шектелмейді. Емтиханнан кейін де адалдық таразысы жұмысын жалғастырады. Тестілеу аяқталған соң 31 қазанға дейін барлық бейнежазбаларға егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі. Егер осы мерзім ішінде тыйым салынған құрылғыларды қолдану немесе тәртіп бұзудың өзге де деректері анықталса, талапкердің жинаған ұпайы түгел жойылады. Бұл – білім алаңының тазалығы үшін жасалып отырған батыл қадам. Өйткені, әділет салтанат құрған жерде ғана шынайы білім мен шынайы жетістік өміршең болатыны сөзсіз. Сол үшін академиялық адалдыққа албырт қарамағаныңыз жөн.

Дайындық – жеңістің жартысы. Бұл қағиданы жете түсінген білім саласы бүгінде талапкерлер үшін дайындық үдерісін барынша қолжетімді етуге баса мән беріп отыр. Еліміздің түкпір-түкпірінде тақырыптық онлайн-сабақтар өткізіліп, арнайы платформалар арқылы сынақ тестілеулері ұсынылды. Бұл – әр оқушыға өз білімін шыңдауға мүмкіндік беретін ашық әрі әділетті орта қалыптастыруға жасалған нақты қадам.

Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында нақты әрі жүйеленген мәліметтер легі ұсынылған. Тарих пәнінен 100

негізгі дата, әдеби шығармалар тізімі, информатика терминдері мен оқулықтар жиынтығы – барлығы талапкер үшін бағыт-бағдар берер сенімді құрал ретінде ұсынылып отыр. Ал ауыл оқушылары үшін «Сандық мұғалім» жобасы нағыз білім шамшырағына айналууда. Бұл жоба тек ҰБТ-ға дайындықты ғана емес, академиялық үлгерімі төмен оқушыларға жан-жақты қолдау көрсетуді мақсат етеді.

ҰБТ – әлі де болса «қатал емтихан» деген көзқарастан арыла алмай келеді. Бірақ білімді тек есте сақтау қабілетімен өлшейтін уақыт артта қалды. Ендігі мақсат – функционалдық сауаттылық, логикалық ойлау, шығармашылық қабілет пен өмірлік дағдыларды анықтау. Бұл – әділдік пен сапаны арттырудың басты жолы.

ҰБТ – жай ғана сынақ емес. Ол – ұлттың келешек интеллектуалдық әлеуетін анықтайтын стратегиялық құрал. Бұл жүйенің әлсіз тұстарын жасыру – талапкер болашағына жасалған қиянат. Ал ашық айтып, нақты шешім ұсыну – ұлт алдындағы азаматтық парыз.

Білім – ұлттың ең қымбат капиталы. ҰБТ осы капиталды басқарудың басты құралына айналуы тиіс. Ол үшін әділдік пен адамгершілік, сапа мен сенім, тәртіп пен түсіністік қатар жүруі керек. Егер ҰБТ жүйесі жас талапкердің мүмкіндігін шектемей, керісінше, оның арманын жүзеге асыратын алаңға айналса – еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемел болмақ. ҰБТ – болашаққа берілген билет. Ал бұл билетті әділетті тарату – біздің ұрпақ алдындағы борышымыз екенін ұмытпайық.

Қорлан САРЫ

ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МУЗЫКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Жуырда Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталды. Салтанатты шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев пен «Саутс Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов қатысты.

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жас буылға ақ тілегін білдірсе, аймақ басшысы өнер қайраткерлерінің лайықты ізін жалғайтын осынау орда Сыр мәдениетінің қарашаңырағына айналғанын атап өтті.

Елу жылға жуық тарихы бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырадағы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимарат қиындықтарға қарамастан білім беріп, өнерге баулыды.

Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пәндік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабилдауға дайын.

– Күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа келбетіне көрік берген музыкалық колледждің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейтжанұлына ризашылығымды білдіремін.

Бұл ұлтымыздың тарихи «қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың қазақ



елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа нысан баршамызға құтты болғай!, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Салтанатты жариялаған Серікжан Сейтжанов пен Руслан Рүстемов жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді.

Айта кетейік, Президенттің «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар бұл бастаманы қолдап, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда. Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 55 млрд теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асып келеді.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес «Қорқыт Ата әуежайының» жаңа терминалы ашылды. Жобаны іске асыруға «Болат Өтемұратов қоры» 16 миллиард 600 миллион теңге инвестиция салды.

Жергілікті бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға 4 млрд 300 млн теңге қаржы бөлінді. «Самұрық

Қазына Траст» қорымен бірге «Ұстел теннисі орталығы», «ҚазМұнайГаз» компаниясының демеушілігімен 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» салынып, ел игілігіне қызмет етуде.

Жеке инвесторлардың, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының қолдауымен теміржол вокзалына күрделі жөндеу жүргізілді.

Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен «Анаға тағзым» орталығы салынып пайдалануға берілді.

Президент жариялаған «Балалар жылы» аясында жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен облыста 80 спорт-ойын алаңы салынды.

Демеушілердің қолдауымен 50-ден астам үйдің қасбеттері заманауи панельмен қапталды, ауалар абаттандырылып, заманауи спорт алаңдары, тротуарлар, жарық бағаналары жаңартылды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналған Орталық алаң жерлесіміз Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен

жаңғыртудан өтті.

Жаңақорған ауданында заманауи демалыс паркі, Сырдария ауданы Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» бой көтерді.

Осындай абаттандыру жұмыстары барлық аудан орталығында, ауылдарда да жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жүргізілуде.

Демеушілер есебінен Арал ауданы, Тоқабай ауылындағы апаттық мектептің орнына құны 500 млн теңге болатын мектеп салынды.

Қызылорданың Түркістан облысымен шекарасында кіреберіс қақпа ашылды.

Жақында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қолдауымен денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды.

Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен жаңа «Достық үйінің» құрылысы басталды.

«АЖ» ақпарат





Нүркелді
ӨТЕПБЕРГЕН

Ана тілі

Қазағымың құнарындай Құнанбай,
Абайы бар алып еліміз шынарадай.
Табияттаңа тіл бітірген қазақша.
Мұқағали, Мұхтар, Мағжан, Тұманбай.

Ойламаймын елім мінің тазар деп,
Жыр тербеді Марқасқа да Махамбет.
Есенберлин Ілияс та жазытты,
Туған тілде тарихымды «Қһар» деп.

Бақты ұсынған бабаларға рақмет,
Бақ таймасын жеткенінше ақырет.
Тілім үшін терін төккен тынбастан,
Алтынсарин, Байтұрсын Ахмет,

Мәлдір суды былғайтындай саз кесем,
Тілім шұбар бап жесе де, баз кешем.
Тектілерден туылғанмын, өлейін,
Арыстардың алысқанын аз десең.

Құлбылық көп ұрпақтарға жалғасқан,
Дұрыс серме тіл дегенді алдастан.
Намысты елім бас көтер де сілкіп ал,
Сөздігіңнің шаңырағын шаң басқан.

Тек қазақша болсын мақтау, ұрыс та,
Қаныңа тарт, өзгеруге тырыспа.
Ана тілің анаң болса, анаңды
Тірісінде көрге тығқан дұрыс па?

Егеменді ел болған соң еңселі,
Қазақстан күтсін ығли төр сені.
Тұғырыңнан тайып кетпе, АНА ТІЛ,
Айтарымың бұл күйкеге бөлісегі...
Тіл – ақылдың өлшемі.

Аспан деген...

Жасырынып кейде меннен жасқанды,
Көкпен қарап күркіресе жас тамды.
О, жарықтық, жырға толы қаламың,
Зерттегісі келгенде ме аспанды?!

Байлық десе ұмытамыз Құдайды,
Құдай бізді осылайша сынады.
Биіктесем бақыттыбақ дейсіндер,
Олай болса аспан неге жылайды?

Бәрі жалған, атақ-даңқты аңсама,
Өмір деген түсініксіз сан сала.
Аспан деген қасіретті, қарағым,
Шығып тәннен, жан кетті ұшып қаниама.

Адамдар бар қара басқан, бұғылған,
Жолы болмай сүрінген көп, жығылған.
Аспан деген жасырындақ ойыны,
Ақша бұлтта арман мақсат тығылған.

Ғашықтықтан қаниама жан адасқан,
Адасқанға көңілімнен қарасқан.
Аспан деген түсігенге махаббат,
Мәлдірлігі сезімдермен жарасқан.

Бір кетпейтін ызыңдаса құлақтан,
Мезі болдым таусымайтын сурақтан.
Аспан деген мен сүйетін сұлуым,
Жұлдыздар көп, жалағыз айды ұнатқан.

Күн тұтылып, төбемізде ай тұнған,
Сабырлымын жігіттікке сай түлғам.
Көк аспанды осынышалық мағына,
Жаратылыс емес екен жәй тұрған.

Сыр өлі

Жырым қалыпты жиналып,
Сөз бастағанмын Құдайға ана иланп.
Батырлар өткен елім, жерім деп қыалып,
Бостандық болған Бұқарбайтымын әлгеі.
Қаныма сіңген жігер – намыстың дәлелі,
Баһадүр, Есет, Иманов.

Білмеймін неден жасқандым?
Тұрмағамбеттің туын көтеріп бастармын.
Далада мынау жатыны есіп жастардың,
Сырдың жерінде ақыннан сөздер артылмас,
Жалғанда мынау жасуар жырлары сарқылмас,
Әбділда, Нартай, Асқардың.

Жазушылардың тұрағы,
Табиятынан тектілік болған ұраны.
Мақұлдағайсың маржан сөздердің бұлағы,
Жазуы көркем, өздерін көргем егіз мен.
Әбдіжаміл мен Зейіпұла Арал теңізден,
Сәлемін жолдап тұрады.

Ірге көтердім ізетпен,
Білімнің жолын бабаларым бар күзеткен.
Ұрпағы үшін жұмыр жүзегі дыз еткен,
Саналы ойлар сау ұрпағының ары шын.
Мұралары мол Мұстафа Шоқай арысым,
Ғылымның жолын із еткен.

Терімді төсем әлі мен,
Өнер ордасы қымбатсың қымбат бәрінен.
Ән салып берер ән сұрасаң да кәріден,
Әлдименен баурына басып баланы.
Әулеткенде тербеткен екен даланы,
Ерәшвеа әнімен.

Қалайша бүгін түзілем,
Қызылордамның қуат алғанмын күнінен.
Түнерген кезде жаныма дауа түңің ем,
Аңыз ертекке бала кезімнен қаныққан.
Қорқытта бізді түркі халқына танытқан,
Қобыздың қоңыр үнімен.

Жүйріктің шабар алысқа,
Жемтігі үшін мысықтың демес барыста.
Сырдың мекені жырдың мекені қарышта,
Жер дауы үшін көбейсін мейлі айтар сын.
Бойым бар сұзғақ Байқоңырымынан байқарсын,
Қол созып өскем ғарышқа.

Өтермін сені ән қылып,
Сыр анам енді жойылсын бойдан сан күдік.
Қарсы алдың сені шаттыққа толы таң күліп,
Қазақтылық қаймағы болған құба бел.
Тағылымы мол терең тарихты тұра бер,
Баурыңа басып мәңгілік.



Сұлтан
ДӘУЛЕТ

Оқылмайтын хат

Көрінбейтін бақытым алдымдағы,
Ең тәтті ішпақтарымың балғым дамі.
Айналып сенен кеткім келгенменен,
Саған бастап барардай жолдың бәрі.
Екенсің қай бақытты жанның бағы,

Үміттілер ішінде бармын ба әлі?
Әуезді әуен әдемі сен сияқты,
Сені еске сап тұрады әнің бәрі.

Сырласып қала қалсам жан дүниемен
Өзіңді еске аламын алдыменен.
Сұлу сөздің түгелі саған шығып,
Жазығандай сен үшін барлық өлең.

Текетірес тағдыр-ай жанды ұқпаған,
Бейберекет ойлармен қалғып барам.
Сен күлгендей жасп жарық күннің көзі,
Тіпті сен боп барады барлық ғалам.

Мәлдір сезім іздеген жанның нәрі,
Тағы бір бір нәр келеді алғым да әлі.
Сен тұратын үйі жасқа жетелейді,
Сағыныш соғлағы мен даңғылдары.

Айрылмастай қос жүрек жырақ бүгін,
Көңіл көзге құяды бұлақ мұным.
Күнде терзім келеді номеріңді
Не айтамын?
Білмеймін бірақ күнім...

Құдай маған бергендей сынақты мың,
Дұға етемін қайырды сурап түбін.
Саған деген сезімге бірақ күнім,
Жер айналып кетсе де тұрақтымын.

Түсінсем гөй барлығын жсорып, біліп,
Жұрмес едім жанымыды торықтырып.
Түн ортасы, отырмын бүгін тағы,
Оқылмайтын хаттарды толықтырып.

Әке, сенің ізіңмен жүріп келем

Әке, сенің ізіңмен жүріп келем,
Өмір жолдың ой-қырын біліп терең.
Кей кездерде бақытқа асығам да,
Кейде соның барына күдіктенем.

Білем, маған қарайсың үмітпенен,
Көңіліңе қайранмын тұнық, терең.
Мінезіңе таң қалам балаң үшін,
Қардан да, дауылдан да үрікпеген.

Сүрінбейді үйренсін деп қамшыладың,
Көрініп қамшыңнан да жан ишағың.
Сен төккен тамшы тердің арқасында,
Өмірде көрген менің тамымы бағым.

Боп көрметтің мен сендей ғұмырға алаң,
Болып өсті тастай, мір, шымыр балаң.
Өмір деген күйектей кезеңдей,
Болмайды екен, айтпасаң бұрын маған.

Әке, мені алаңдап жүрмісің көп?
Ұлың өсті, өр мінез, жыр мұсін боп.
Тайғанай қоймаймын-ау өзің маған,
Көрсеткесін ер мінезің үлгісін деп.

Әке, сенің өткен жоқ бекер күнің,
Үмітіңді ақтаптың жетер күнім.
Кейін ұқтым, «жесгім келмей тұр» деген сөз,
«Балам жесгің» деген сөз екендігін.

Жүргендей боп арманға жетіп ізгі,
Не сұрасақ қақпадың бетімізді.
Жаңа күй кигізіп бізге, өзің
Бір көйлекпен өткіздің екі күзді.

Әке, сенің түзганды қойғам үлгі,
Болмашыға алмайтын ойға мұңды.
Алдап қоям мен кейде аңғармастан,
Мен көргенің бәрін көріп қойғаныңды.

Болып өстің әулетте кеңже бала,
Кеңже бала ежелден елге дана.
Мен сияқты ұл бар гөй жалағыз сенде,
Сен сияқты әке бар менде ғана.

Жүзегіңе сыярай жарты ғалам,
Орынсыз кезде керіп, иатқымаған.
Анамдай асыл жанды таңдап алған,
Өзіңсің жалағыз маған алтын адам.

Асқар тау әкесіңіз бес баланың,
Баласымыз қайраттың ер, есті ананың.
Мұқатқысы келгенде тағдыр мені,
Сенің ұлың екенімді еске аламын.
Сен тұтатқан жігіттік мінез деген,
Жағылады кеудемде ескі алауым!

Ашылды қайғы мұңның түндігі,
Ішкі отыңнан күюде.
Бұл өмірді жалағандығы-шындығы,
Ал мәні - тек сүюде.

Таба алмасаң жүзегіңмен жарасым,
Өз өзіне өгейсің.
Өтіп кеткен уақытыңның бағасын
Ертең қалай төлейсің?

Кім біледі, қаниа ғұмыр кешемің,
Жетемін деп арманға?
Қалай берем өміріңнің есебін,
Құдайыма барғанда?

Қашан келер тағдырыма қосқан бақ?
Дуемнен кейде жазымышты көп күндеймін.
Келем әлі келер жылды жоспарлап,
Ертең күнді көрем бе оны білмеймін.

Ертең бақтың келеріне сенемін,
Шығып қалар бір алдан.
Мен өмірден шынығыз іздеп келемін.
Өтіріктен құралған.

Бүгінгі күн күні ертең ақ ескірмек,
Оны ойласам мұң кешем.
Қалай айтсам “мәнді ғұмыр кештім” деп,
Оның мәнін білмесем.

Сурақтар көп, ойдым-ойдым жолында,
Бұлай жүрсем дегеніме жетпеспін.
Ұзақ уақыт ойлана кеп соңында,
Өмір мәні - шын сүюде деп иештім.



Днас
МУСТАХИМОВ

Беттердеңнен...
Көз жастарыңның,
Мәз аспаныңның,
Тұмандары дауыл соғады,
Дауыл соғады қайтадан.
Шетке ысырып бұлтты сүйрейді,
Менмендігі басым ай қараң.
Арың ұшқанын,
Сағыныш хәлің,
Құрғақ даланың жаңбыр жырғынан сеземін.
Жұмағың әсте жылын құшқанын,
Сабылсқаның,
Сезеді сенген өзегім.

Сен мені ізде,
Сен мені ізде,
Қоштаспай қалған көлеңкелерден,
Дұғасың сенен әлем көреңнен,

Ой шамы мәңгі сеніп қалардай,
Іздегің мені өлернен енген,
Шерлерімде,
Шерлерімде...

Сөңселі құба Таң,
Үмітсіз тілекпен,
Тағдырың ренжітті жылатып.
Мен сені жұбатам,
Мүгедек жүрекпен,
Қайғыңды сырлы ұнатып.
Оятпай Құдайы,
Еңсені құрғыр паң,
Жытуды іздейсің сен кімнен?
Өлгенше ұдайы,
Мен сені жасылтап,
Сұяған демсіз ерніммен.

Терең ескен жел тұнық,
Пайдалана ма,
Пайдалана ма,
Жұдызың сапқан ай нұры?
Жалғызсырасаң сел тұнып,
Айнаға қара,
Айнаға қара!
Елесім менің айырбастайды қайғыны.
Сенің қайғың...
Және менің сүйіктім...

Түн мұңында...
Жарық шашпаған,
Жазала айды,
Жазала айды,
Сұлулығыңды көрсетпей мәңгі жасырып,
Махаббат – шексіз!
Қаза болмайды,
Қаза болмайды,
Ал біздің сезім мола іздейді асығып...

Көз жастарыңның,
Мәз аспаныңның,
Сейілмей тұрды жаңбырың,
Шашыңды жәй, жесір махаббат!
Кекке көнген.
Арың ұшқанын,
Сағыныш әнің,
Естімей тұр гөй тағдырың.
Мені іздегің, кесір ғаламат,
Табыламын кәйіген беттердеңнен.

Тарих бар оларда

Тарих бар оларда!
Жазылады, сиясы жоқ, күнәсі көп қаламмен.
Өркөкірегің өксітіп тұрған, адасқан пенде, алаң ел.
Киіз үйінде жоқтау айтпаған, әріп танымас далам ең.
Ұлығын ұмыт қалдырмай жүрсен, батырға ұрпақ балаң ем.
Қадірсіз қалған қасиетсізге қарапай айтқан тар жар ең,
Әзекке түген жесебеде қалған, қайралмай қалған қанжар ем.
Көрінген ұры елес саяымдай,
Семсері сынған жалаң ел,
Жүрсің бе әлі,
Кеңесарыдай,
Басын шабатын жараңмен?

Сен менің ұлтымысың!
Кешіет қонған сорыңда сенің жоқ баға!
Келімсек басқан індет шеріңде дүркіреп жүрсен оқпала,
Сенің ауылың – майдан ауылы,
Қоржында кеткен шоқ қала,
Сенің жерінде қабір қазды да,
Тәңірден қашты көп дана.
Тірі надандар жүргенде жерде,
Мен өлсем мені жоқтама!
Құлагер емес,
Құнын жоғалтқан,
Қамшыға көнген арғымақ!
Сенің бәйгеңде қара шоғыр бар, кебірін құрғақ, тақым дақ,
Сенің дінінде ұлттың емі жоқ,
Жарты Құдайың – жарты хақ!
Сенің аспаның - қарағ басынған, жерің - ызғарты топырақ,
Тағдырға тілім қамшысы қорған құн айтты,
Сен құбыла іздемейтін Арғымақ!
Ата-бабаң тоқтаптан суайтты,
Сен жоямын деп ойлайсың ақымақ!

Сынағың бар, сырын ашқан жырғына
Қайтым шығар.
Қадірдің құлиа жұмсар қайғың шынар.
Күн ұясын бұзады,
Айып сынар.
Моласынан қала салар кесенесі,
Болса да үні аман, есен есі,
Сатылмаған моншағың да қайыр сұрар.

Ол – ұрлықшы,
Мен – қылмыскер,
Сіз – керек,
Қаптап кеткен жүз саңырау, жүз мылқау мен жүз керек.
Серітесін сөз үзетін мүз жесбен,
Жайы алаң, жайысыз кебін, күз елегі,
Заманада заңар берген жоқ жалпап,
Өз бастарын ала алмай көп қазақ,
Кенесары басын сорлап іздеген.
Ол - ұрлықшы,
Мен - қылмыскер,
Сіз - керек,
Саясатқа құл болмаймыз біз деген...

Тарих бар билікте.
Өтірік жазылған.
Алатын азыны
Жазасын аз мұннан.
Жыртық-жасар, қоржын майлы,
Келте кімде?
Кешегісін ұмытқан,
Ертеңін де.
Бақыт құсы ертелі-кеш қонады,
Қазақ нағыз ұлы халық болады,
Ертегіде...



Дилар
ӨМІРЗАҚ

Әке

Әке, өсті, жетілді тентек ұлың,
Ер жеткен соң басылды еркелігің.
Ертең тағы ойнаймын дейтін балаң,
Қамын ойлар ер болды ертеңіңің.

Бал күндерде қалыпты балалығым,
Бойың өскен деп жүр гөй ағам, інім.
Есейгенмін дегенмен әкешім-ау,
Кішкентай боп көртіер саған ұлың.

Бірақ өстім шын айтам, әке, саған,
Алдыма қара салмай, жеке шабам.
Сен берген тәрбиені алғаннан соң,
Жолдасқа жоламаймын өте сараң!

Әкешім, көңіліңді құшқан жыр-ән,
Сіз айтқан ақылды шын ұстам қылам.
Ең биік шыңға барып қонады әлі,
Ұясынан ұмтылып ұшқан қыран!
Қыраны қанат қағар шын даланың,
Мен әлі тоқтамаймын шыңдаламын.
Әкешім, мақтанғанда достарыңа,
“Менің ұлым” деп айтар ұл боламын!

Бір құдайым сыйлаған фәни көркем,
Кеңже балаң қызығың бар үйде еркең.
Мені сенің ұлың деп таныған жүзрт,
Сені менің әкем деп таниды ертең!
Жата бермей, ертерек тұрсай балам,
Ұйқыңды аш, иіп ал жүр шайды одан.
Деп мені қораздан да ерте оятып,
Тіріліңе таң ертең жүзсайды анам

Әуендетіп ішінде мал қораның,
Қала болған кезінде арман, әнім.
Қарбаласы шын қазір шаршапты,
Тірілігің аңсаймын шаң, даланың.

Ауылда жүр әкем мен анам қазір,
Апатайым көрмейсің балаңды әзір.
Тұла бойды сағыныш тербегеннен,
Сан турлі ұйқас құралаң,санамда жыр.

Көтеріліп кетер деп мен беделім,
Арман құтып қалаға келген едім.
Жақсылық пен жамандық әлгі әйтеуір,
Қазір сірә қалмады көрмегенім.

Хабарлассам етеді анам елегі,
Ата-анаға қымбат қой бала деген.
Әкем талай ағытын айтқанменен,
Дейтін едім қалаға бара көрем.

Менің ойым білмеймін жырғақта жүр.
Биігімнен сен мені құлатпа жыр.
Мен кезінде басқаша ойлап едім,
Сағынамын бәрін де бірақ қазір.

Ынтымақ

Бірде бақыт, бір күлкі, бірде қайғы,
Сағат тілі мәнерлеп сығарнайды.
Сол уақыттың бағынып бағарына,
Жер шығарып салады жыл мен айды.

Қаниа гасыр тынымсыз тіршілік тұқ,
Жанардан жас түн түссе жүрсің ытқыр.
Азан айтып төрт минут сайын әлем,
Демалыссыз жатады құшылық қып!

Сол құшылық құдайға ұнамдысы,
Ұғына алса алы(ы)рат мұнан кісі.
Ынтымақпен жердегі бейбіт заман,
Исламмен, иман мен Құран күші!

Ашық тұрған айқара құшағымыз,
Бейбітшілік, береке нышанымыз.
Бір теңізге құйылған ариядай,
Ынтымақ пен бірліктің мысалымыз.

Жалғастырып жана бір таңды үмітке,
Сындырмаған сағымың сан бүлікте.
Перзентіміз бәріміз Сыр елінің,
Тату ғұмыр кеңіейік мәңгілікке!

Бұл бақытты қазаққа берген құдай,
Бейбіт күн бесіңізде тербелдім-ай.
Қуны алтыңға берсіз ынтанымағын,
Кете көрме алыстап елден де ұдай.

Көрме Құдай арадан дау шығара,
Ынтымағың кетпесін ал, Сыр ана.
Жер бетінің бұзынышы тыныштығын
Азан менен сәбидің даусы ғана.
Ынтымағың кетпесін ал, Сыр ана!
Ынтымағың кетпесін ал, Сыр ана!



Мейіржан
ҚАРТАЙ

Сен өкпелеп қалғандай, қарағым-ау,
Күнтіреніп тұр неге дала мынау?
Шерлі аспанмен қосылып жасасын төккен,
Жүзегімді қайтейін жаралы нау?

Сағынып жүрсің мені сен де бірақ,
Келеді жан дертіңді емдегім-ақ.
Ағымайпай абыржып жатқан көңілі,
Жапырғандай барады жерге құлап.

Сен кеткелі өнер мен өлең өшкен,
Есім кетіп тағдырмен ересеккем.
Қайтейін, бақыттың бағаламай,
Қадірсіз болып кеткен сен еместе ең.

Талай жасанан бас тарттым мен сен үшін,
Себебі жүзегімің бөлішегісің.
Алдыма келе қалсаң аландатпай,
Сені қайта сүйер ем келсе құшым.

Осылай қалып жүрмін ойға жаным,
Күтемін жүзегімің жайланарын.
Білмедім саған деген сезімнің
Сарапхан сағынышқа айналарын.

Күлші жаным сен күлсең дала күліп,
Танытады табиғат бала қытық.
Уайым менен қайғыдан жан арылып
Жанарыма жазылдап жасанды үміт.

Күлші, жаным, тағы күл шын қуанып
Көңіліңнен кетпінші кірбің ауып
Сен еркеле мен саған жыр жасамамын
Сол өлеңді оқысын күллі халық

Сүіші, жаным, сағынышы сен де мені
Сенімгөй пәк сезімге ең керекі
Тек сен үшін соғып тұр білесің бе,
Жұмыр етім жүзегім кеудедегі.

Күлші, жаным, күрсінбе сен мұнайма,
Сенен басқа барамын енді қайда?
Соңғы махаббатымысың өмірдегі,
Мендік сезім ал саған мәңгі ұнайма?

Еркелеші шын күлсең күлгесімі,
Дертімнен айықтырып жібересің.
Түсіңдір ғашықтардың барлығына,
Махаббаттың тек қана мұң емесін.

Жүзегім мылқау, тағдырым керек,
Жан айқайым көп, жан мұным менен.
Таласып жүріп сүюге ұмтылам,
Талықсып жатып таң нұрын көрем.

Көңілім жарым, несі бар мұның,
Баянсыз бақтаң не шығар, күнім?
Сенің даусыңды естігім кезіп,
Қоңырау шалсам кеуір, алтыным.

Құрғыр жүрекке әмірім жүрмей,
Сағындым сені, жарығым күндей.
Сүйкімсіз жанаға айнадың сен де,
Сүйген адамның қадірін білмей.

Шұғыла күтіп сірә таңдардан,
Жабыққан жанды жұбаттам зордан.
Сезімдеріме мән бермесен де,
Сонада сені ұнатам, қарғам.

Құр үміт тағы бүгін де алдады,
Шерлі кеудеме тыным болмады.
Сені ұнатқалы бәрін ұмыттым,
Сені сүйегі түсіп қалмады.

Қай кезеңде болсын, әр мемлекет болашақ ұрпаққа өткені мен бүгінін баяндайтын тарих пәнінің маңызын мойындаған. Сонымен қатар идеологиялық бағыттағы саясатқа да ерекше мән берген.

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ — ҰРПАҚҚА АМАНАТ



Тереңірек үңілсек, бүгінде тарихи сананы жаңғыртуға айрықша көңіл бөлініп отыр. Ұлт тарихын заманауи талаптар мен өркениеттік, ұлттық, мемлекеттілік тұрғыдан қайта саралап, жаңа академиялық басылымдар мен жас ұрпаққа арналған оқулықтар әзірлеу ісіне әлем елдері белсенді түрде кірісіп жатыр. Бұл — тек бізге ғана тән үрдіс емес, ұлт мүддесі мен ел бірлігін көздеген кез келген мемлекеттің ұстанымы.

Қазіргі таңда отандық тарихшылардың басты мақсаты — ұлттық тарихымыздың тұтас бейнесін жасап, бүгінгі және болашақ ұрпақ тың тарихи жадын жаңғырту. Сондықтан сабақтастық, жасампаздық қағидаттарына ерекше назар аудару керек.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ақтаңдақтарымызды айқындап, жаралы да жанды тұстарымызды зерделедік, жоғымызды түгендедік. Ал сол тұстағы басты мақсат — тәуелсіздіктің бізге оңайлықпен келмегенін, ол ата-бабаларымыздың маңдай тері мен ғасырлар бойғы күресінің нәтижесі екенін тарихи жадымызда сақтап қалу болды.

Бұл тұста алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел — қайда

жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүние де өңге жұрттар қатарында кім қор болмайын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», — деп айтқаны ойға оралады.

Шын мәнінде, біз 30 жылдан астам уақытта жеткен жетістіктерді, орындалған мақсаттар мен оң шешімін тапқан мәселелерді бағалай отырып, проблемалардың маңызын айқындай отырып, болашаққа сеніммен қарай аламыз. Халқы 20 миллионға жеткен Қазақстан енді арман-мақсаттарын бір арнаға тоғыстырып, тың серпінмен алға басуға дайын.

Бүгінге дейін жеткен жетістік те, толағай табыспен келмегенін, ол ата-бабаларымыздың маңдай тері мен ғасырлар бойғы күресінің нәтижесі екенін тарихи жадымызда сақтап қалу болды.

Мөлдір ШАРИЕВА,
№266 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі

КОУЧ: ӨМІРІҢДІ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ — МЕНІ ТЫҢДА

— Таңғы 5-те тұр. Сұға лимон қосып іш. Сөздік қорыңды байыт. Сенің миың — магнит!


Осындай ұранмен әлеуметтік желіде жарқ еткен коучтар бүгінде трендке айналды. Жұрт енді білікті мамандарға емес, менторларға құлақ аса бастады. Бірақ коуч деген кім? Ол шын мәнінде өмір өзгертуші ме, әлде жай ғана «жақсы сөйлейтін» адам ба? Қарастырып көрелік.

Коучтар қайдан шықты?

Коучинг — бастауын Америкадан алған мотивациялық бағыт. Алғашқы коучтар бизнесмендер мен спортшыларға жұмысқа деген жеке мотивация мен жоспар құру бойынша көмектескен. Ал бүгінде Instagram мен TikTok-та «өмірлік коуч», «махаббат коучы», «табыс коучы» секілді жаңа мамандар көбейді.

Қазір коуч болу үшін диплом да, лицензия да міндетті емес. Бір курстыңдады да «өмірлік кеңесші» атанып шыға келеді. Кейбірі тіпті «Мен бір кезде кедей болдым, қазір Балидамын. Сен де қалсаң

осындай дәрежеге жетесің» деп көптің алдында бедел жинап жүр. Ал шын мәнінде кәсіби коуч ақыл айтпайды. Ол өмірлік психологиялық жарақатпен жұмыс істемейді әрі сенің орнына



САЯХАТТАУ — САНАЛЫ АДАМНЫҢ ӨМІР КЕПІЛІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзат баласы бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерге ие болды. Біз енді бір күнде бір елде, келесі күні мүлде басқа құрлықта ояна аламыз. Ал осы таңғажайып мүмкіндік нәтижесінде тек демалыс немесе ермек ретінде қарастырылады? Шын мәнінде, саяхат — бұл саналы адамның өмірінің бір бөлшегі, тіпті өмірінің кепілі десек те артық емес.

Саналы адам әрдайым өз көзжиегін кеңейтуді қалайды. Ол шекарадан асып, жаңа мәдениеттермен танысып, өз болмысын қайта таниды. Саяхат барысында біз өзімізге

таныс емес орталарға түсіп, санамызды сергітеміз. Әлемнің әр бұрышындағы әртүрлі өмір салттары мен дүниетанымдар адамның ой-өрісін кеңейтеді. Бұл — нағыз ақылдың жаттығуы.

Тынығу емес — тірілу

Көп адам саяхатты жай ғана демалу деп түсінеді. Бірақ бұл — тек беткі жағы ғана. Нағыз саяхат — бұл ішкі жаңару, жан-дүниенің қайта тірілуі. Әр сапар — бұл бір өмір. Таңертең басқа тілде амандасып, басқа елдің таңғы шайын ішіп, кешке бейтаныс көшелермен серуендеу — бұл ішкі қуатты қайта оятатын қасиетті процесс.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №955 қаулысы негізінде, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы Республикалық мемлекеттік мекемесі құрылды.

Инспекция (2023 жылы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінен Балық шаруашылығы комитеті болып қайта құрылып (бұдан әрі-Комитет)), күзиреті шегінде Қызылорда, Түркістан облыстары және Шымкент қаласының әкімшілік шекарасының шегіндегі Арал-Сырдария бассейнінің су айдындарында (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын аумақтық бөлімше болып табылады.

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы Республикалық мемлекеттік мекемесі табиғатымызды келешек ұрпаққа аман сақтап, табиғат байлығын талан-таражға түсірмеуге және жемқорлыққа жол бермеу, оны болдырмау мақсатында, өз үлесімізді қосамыз және бұл жаңа құрылған коллективтің Отан алдындағы тұрақты ұстанымы әрі ұраны.

Табиғат байлығын қорғау, пайдалану саласында ысырапшылдыққа жол бермеу және халыққа ашық, қолжетімді қызмет көрсету, сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін бар күш-жігерімізді, білім мен ақылмызды жұмсауға, адал еңбек етуге даяр екендігімізді көрсете білуіміз қажет.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, сыбайлас жемқорлық — ауру, оған қарсы күрес — біздің парызымыз қағидатын енгізуді ұсынды. Сондай-ақ, Қағидатын енгізу барлық мемлекеттік органдар бірлесіп айналысуға тиіс екендігі туралы талап қойды.

Мемлекет басшысының пікірінше, барлық мемлекеттік органдар жұмыстың жаңа форматтарын белсенді түрде түсініп, оларды іс жүзінде қолдануы керек екендігін, сонымен қатар «Жалпы, ескі әкімшілік әдістерден ауытқып, барлық жерде басқарудың заманауи технологияларына қайта бағдарлану қажет. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін мемлекеттік қызмет жүйесін толығымен қайта жүктеуі тиіс» деді.

20.11.2024 жылы ҚР Мәжілістің жалпы отырысында «акваөсіру туралы» заң жобасы және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне акваөсіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе Заң талқыланып, мәжіліс депутаттарынан қолдау тапты.

Бұл бастамалардың негізгі мақсаты өндірістерді құру және кеңейту, сондай-ақ басқекке қабілетті акваөсіру объектілерін өсіру көлемін ұлғайту арқылы акваөсірудің тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Жоба акваөсіру субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындауды, балық шаруашылығын жүргізу жағдайларын белгілеуді және ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтиды. Сондай-ақ, мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау және экономикалық, құқықтық және экологиялық факторларды зерттеу мақсатында акваөсірудің даму жағдайын бағалау қарастырылған.

Заң жобасы шеңберінде мониторингтің ақпараттық жүйесін енгізу жоспарлануда, оның мақсаты деректерді жинау, бизнес субъектілерінің тізілімін жүргізу және акваөсіру объектілерін қадағалау болады. Су айдындарын электрондық портал арқылы конкурстық негізде ұсыну жоспарлануда, бұл ресурстарды бөлу процесінде ашықтықты қамтамасыз етеді.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Бұл шаралар Қазақстанда балық шаруашылығын жүргізуді жеңілдетуге және акваөсірудің өркендеуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға арналған, бұл өз кезегінде ел экономикасына да, азаматтардың әл-ауқатына да оң әсер етеді.

Ел халқын өз балығымызбен қамтамасыз етуді ұлғайту үшін импорт алмастыру саясатын іске асыру қажет, оның негіздерінің бірі отандық балық тауарларының өндірісін дамыту бағыты табылады.

Қазіргі кезде Қызылорда және Түркістан облысы бойынша балық және балық өнімдерінен дайын өнімнің келесі түрлерін шығару жолға қойылған: салқындалтылған-мұздалтылған балық, балық филесі, ысталған және қақталған балық, балық консервілері, сондай-ақ балықтың май-үн өнімдері өндіріліп отыр.

Балық өнімдерінің көленкелі айналымын азайту үшін балық пен

балық өнімдерінің шығарылған жерінің заңдылығын растайтын құжаттарды қалыптастыруға және беруге қатысатын мүдделі мемлекеттік органдардың жүйелерін интеграциялауды көздейтін балық пен балық өнімдерін қадағалаудың автоматтандырылған жүйесі енгізіліп мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жұмыс жасалауда.

Инспекцияның бөлім басшылары тарапынан бөлім инспекторларына рейдтік іс-сапарға шығар алдында, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, оның қоғамдағы және кез-келген ортадағы өзін-өзі ұстауы мінсіз болуы жөнінде әрдайым ескертіліп отырады.

Сондай-ақ әрбір инспекторлар сыбайлас жемқорлықты болдырмау және ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында тосқамералармен қамтамасыз етілген.

Қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерден (әрекетсіздіктен) сақтандыру және алдын алу, болдырмау,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен «мүлдем төзбеушілік» қағидатын орнату мақсатында әрдайым құқықтық оқытулар өткізіледі.

Жылына кем дегенде екі рет, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жұмыс тобымен, Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіліп ол бойынша талдамалық анықтама жасалып келеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Инспекцияның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Инспекцияның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмысшы тобымен анықталған тәуекелдіктерді жою туралы басшы құрамға және ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінен Балық шаруашылығы комитетіне ұсыныстар беріліп тұрады.

Сонымен қатар, Инспекция қызметкерлері «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері» және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары туралы» тақырыпта «Documentlog электрондық құжат айналымы және бизнес-процестерді автоматтандыру жүйесінде» жұмыс жасау бойынша курсты сәтті аяқтағанын растайтындығы туралы сертификаттар алды.

Атқарылған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде, ағымдағы жылы Инспекция қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықтар орын алмағандығын білдіремін.

Ж.СЕЙТКЕРЕЕВ,

Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балықшаруашылығы инспекциясының бас маманы



АҚЫН ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ

«Өнер орталығында» көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықбек Есдәулеттің «Сыр мен жыр» атты шығармашылық кеші өтті. Поэзия салтанат құрған кешке облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен өнерсүйер қауым қатысты.

Кеш барысында аймақ басшысы өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан ақынның шығармашылығына тоқталды.

— Биыл Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы құрылтайдың келесі 5-ші отырысын Сыр бойында, бір ғасыр бұрын Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынды. Алқалы жиында қабылданған тарихи шешім аймақ жұртшылығының мерейін

асқақтатты. Мемлекет басшысы халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы қайтарылған, тарихи әділдік орнаған Қызылордадағы маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс екенін атап өтті.

Бұл — біз үшін зор мәртебе, Президенттің өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстарға берген оң бағасы деп білеміз. Бүгінгі шығармашылық кеш — осы атаулы датаға арналған шаралардың бірегейі. Ойлы да сыршыл, қиялы ұшқыр, лирик ақын Ұлықбек Есдәулет — тарих тереңіне бойлап, тамырын каламмен аршып, ұлт мұрасын биік көтерген ерекше дарын иесі.

Сізді Сыр төрінде өтіп жатқан шығармашылық кешіңізбен құттықтаймын! Қаламыңыздан қуат кетпесін! Шабытыңыз шарықтай бергей! Деніңізге саулық, отбасыңызға құт-береке, амандық тілеймін!, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қызылорда облысының құрметті азаматы, ақын Шәкізат Әбдікәрімов және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Ерлан Жүніс ақынға жылы лебіздерін білдірді.

Кеште ақынның сөзіне жазылған танымал әндер орындалды. Олардың қатарында Т.Мұхамеджановтың «Ақ желкен», «Беу, балалық» және И.Крутойдың «Ақ бесік» туындылары өнерсүйер қауымның көңілінен шықты.

«АЖ» ақпарат

Сабақтан күнделікті басы салырып келетін Асау бүгін үйге ентелей кіріп келді. Көңіл-күйі көтеріңкі. Есептен екі бірдей үш алғанына қамығып тұрғаны байқалмайды.

Құрылысы жақында ғана аяқталған жаңа үйдің ортаңғы бөлмесінде үлкендер шай ішіп отырған. Арасында Аралдан келген рулас ағасы бар. Оны көрген баланың төбесі көкке сәл ғана жетпей қалған. Мектептегі оқу аяқталып, жаз жақындағанда бір жағы амандық-саулық сұраса, екіншіден, Асауды ауылға алып кетуді ойлап, жыл сайын қарасы көрінетіні әдетке айналған. Бала көңілдің қуанатыны сол. Бұған жайлауда ағарған ішіп, ат үстінде қой баққаннан асқан бақыт жоқ. Бұл жолы әжесі де бірге баратын болыпты.

Түс ауа ел арасында «ешек пойыз» атанып кеткен екі вагондық көлікке Асау, әжесі мен Бақытжан ақсақал мініп үлгерді. Орнынан қозғалуы тез болғанмен, шіркіндік диттеген жеріне жеткізіп болмайды. Бұрынғы қазақ есек малын неге кемсіте беретенін осындайда аңғарасың. Қол көтергенге тоқтап, екі өкпесін қолына алса да, есектің жылдамдығынан аса алмайды. Есесіне жолақысы — арзан, орыны — жайлы. Тек мұнда билетте көрсетілген орында отырған жолаушы көрмейсің. Біреу орын босатса, сол сәтте келесі адам меншіктеп алады. Бірақ үлкенге құрмет көрсетуден жаңылмаған қазақтың Толған әжеге ілтипат көрсететіні анық. Ал Асауға әжесінің алдынан әркез орын табылады. Қызығы сол, бала пойызға отырған сайын қарны ашады. Мұның әуселесі бәріне белгілі. Терезеден жазық даланы тамашалап отырып, әжесінің тәттісімен шай ішкенді ес білгені қызық көреді. Бұл жолы да үлкендер әңгімесінің әуенімен ұйқыға кеткен. Тек барар жерге жеткенде ғана әжесінің айналайынымен көзін ашып, ұйықтап кеткеніне ызаланды. Жанарына жиналған жасты әрең ұстап қалды. Әрі-беріден соң пойызға күнде мініп жатқан жоқ қой.

Жауын астында қалған жануардай «Тоқылдақ» Арал вокзалына кірген бойда денесін сілкі әзер тоқтады. Сыртқа шығатын дәлізде адамдар бірінің артынан бірі ітеріп, құлды бір сонда қалып қоятындай асығуы Асауды қорқытты. Бойы бір тұтам балаға ентелей тақалған сақалды жігітке Толған әжей жекіп тастады.

— Басып өтейін дедің бе? О несі, әй?! Ауаны тарылтпай әрі тұр, — деп еді, әлгің аузын бұған бүқадай қабақ шытты. Сүт пісірім уақыттан кейін вагон есігінің алдына да жетті-ау, әйтеуір. Сыртта көзімен таныс адамды аңдып тұрған жуан қарын, зор дауысты жігіт ағасы: «Жеңеше-ау, сәлем бердік! Қорбаңдамай, болсаңшы тез», — деп әзілмен қағытып алды. Бұл Күнтілес деген Толған әжейдің қайынысы болатын. Былтыр Асаудың басынан ат теуіп, қанға бояғанда алдыңғы жетегі қосыламытын көк уазды аңыратып, қалаға ала жүгірген. Асаужан ойын баласы ғой, кеше ғана бас білдірген атқа мініп, шауып қайтқысы келген. Көкжал жылқы мұның әлі кішкентай екенін сезді ме, шауып келе жатып, кілт тоқтаған. Көзді ашып-жұмғанша өңкіп жіберіп, Асауды алдына түсіреді де, алдыңғы тұяғымен қак төбеден теуіп жіберді. Бала-батыр жер-дүниені басына көтеріп, ұзай қоймаған ауылға қарай жүгірген. Беті-аузын қанға боялғанын көрген Күнтілес шошып кеткен еді. Асауды маңдайынан ніскеп жатып, жарты ай пішіндес тұяқ ізін көріп, көкесі осы оқиғаны ойға оралтты. Вокзал алдындағы көк уаздың жанына келді де: «Әй Толған, былтыр балаңның басы жарылғанда осы көлікпен жолда қалғанымызды білетін бе едің? Абысының айтқан болар», — деді.

— Иә, айтты. Құлыншағымның жанын қинапсындар ғой. Сәулештің өзі қайда? Аман-сау отыр ма?

Жайлаудағы жүгері тек



—Өй, жүр ғой. Қарағанды, Қызылорда, одан әрісі Астанадағы балаларына кезек-кезек қонақтап қайтады. Шешем қала көрген кемпір ғой. Ауылда көп бола бермейді. Екі-үш күн бұрын немересін үйлендіруге келген. Жөн-жоралғысын жасап болғасын қайта кетеді, — деп Асауды келекелеуге кірісті.

— Сен былтыр басын маса шағып алып, содан қоймай жылайтын бала емессің бе? — деп еді, «Қойшы ей, балама тиісе бермей», — деп кемпір бетін қайтарып тастады.

Бас сүйегі толық ката қоймаған бала үшін жылқының ондырмай бастан тебуі жеңіл жаракат емес. Мұны өзі де іштей біледі. Сосын емес пе, жанұшырып, жолға жарамсыз көлікке баланы өңкеріп алып, қала жакқа қарай тартып отырғаны. Ауылдың керегіне жарап тұрған ақ уаз сол күні ғана аудан орталығынан азық-түлік алып келуге кеткен. Бүгін келмейтіні анық еді. Теңізді жағалай ондаған жыл бойы көліктен қалған ізбен жүйіткіп келеді. Сәл селкілдесе Асаудың дауысы жаныңды жейді. Көлікте балақайды жұбатып, Сәулеш отырған. Әлсін-әлі: «Қорлық көрдің-ау, жаның қиналды-ау, ботам» деп бірге қиналып келеді. Осындай арпалыста қанша уақыт өткені белгісіз, көк уаз күшеңіп келді де, бір орында тұра қалды. Күнтілестің қорыққаны да осы еді. Артқы жетекпен құмды жолдан өту — ертегі екенін біледі. Бірақ басқа амал бар ма? Көп мөлшерде қан жоғалтқан баланы дәрігердің қарауына апармаса болмайды. Одан ат арбамен шығу керек еді ғой деген ой тыным бермеді. Бірақ бәрі кеш. Енді бұл көк жетпегір қадалған орнынан қозғала қоймайды. Әрлі-берлі өтетін көлік табылар деп үміттену де орынсыз. Бұл жол тек осындағылар тіршілік ететін Жанәбіл шалдың ауылына ғана апаралды емес пе?!

Сағаттан аса уақыт өтті. Асаудың демі баяулап барады. Сәулеш кемпір орамалмен оралған баланың басын сүйіп қояды. Бұлай отыра берсе, жағдай насырға шабайын деп тұр. Кенет Күнтілес жүргізуші есігінен секіріп түсті де: «Шешей, сен осында қал. Ұлы жолға жеткенше шаршап қаласың. Оның

үстіне жай жүрісің жолды ұзартады. Жаяу кеткеннен басқа амал қайсы?», — деді де тыңдаушының жауабына құлақ түрместен ыңырсыған баланы көтеріп, қалаға қарай бет алды. Сүт пісірім уақыттан соң қасқырдың ұлыған дауысы естілді. Бірте-бірте жыртқыштың жақындап келе жатқаны сезіле ме, қалай? Бір кезде алыстан ойнақы жарық көрінді. Күнтілес мұны «шөлдегенге көл елестейдінін» кері ме деп ойлаған. Рас. Ойлы-қырлы жолмен жүйіткіп келе жатқан көлікке ұқсайды. Соңғы рет бұлай қашан қуанғаны есінде жоқ. Жарық жақындағанда ғана ауылдың ақ уазы екенін аңғарды. Баласы Жәкеннің ауылына кезекті туыстарды алып келе жатыр екен. Асау бала осылай бір өлімнен аман қалған.

Өткен жылдағыдай емес, көк көліктің біраз бөлігі жөндеу көргені көзге түсіп тұр. Дөңгелектері жаңаланып, қайта боялған секілді. Жайлаудағы мыңғырған малдың ірісін сатып, осыған салмаса қайтсін?! Шетелдік джиптерден кем түспейді. Қаркылдай күліп, ананы-мынаны әңгімелеп келе жатқан Күнтілестің дауысы ғана сұлулыққа сәйкес келмейді. Ермегі — Асау.

— Таңертең б-да тұрып, өрістеп кеткен жылқыны алып келесің, күннің астында мал бағасың. Қаладағы ерке-лігінді ұмыт, — деді. Бұған өкініп отырған Асау жоқ. Керісінше, жылқының жалын тартып мініп, желге қарсы жүйіткүді ойлап отыр. Мейлі қой бақсын, мейлі бота қайырсын, мұның ауылдағы аңсары атпен шабу емес пе? Былтыр күзде сабаққа биіт таулы баспен барғанын ұмытқан. Сабазың қорықпайды ғой.

Өне-міне дегенше, өздері «сыыршы-ауыл» деп атайтын мекенге де жетті. Кіреберісте көне-жұтан қос, сәл әріректе қаз-қатар үш киіз үй орналасқан. Орта-сындағысын мұндағылар «үлкен үй» деп атайды. Көбіне меймандар келгенде қой сойылып, осында жайғарылады. Қалғандары шал ұлдарының отауы. Жанәбіл ақсақалдың өзі шеткерідегі көне сарайда тұрады. Мұндағылар ауылбасын тек ауқат ішуге жиналғанда ғана көреді. Басқа уақытын терезелері тұмшаланған сарайда өткізеді. Ішіне еңсеніз,

«Қазақстан» деп аталатын темекі түтіні алқымына жабысады. Мұндағы барлық тіршілік, төрт-түліктің сатылымы, қыстаудың қайда орналасатыны, отын мен азықтың қашан әкелінетін, бәрі-бәрі ақсақалдың пәрменімен орындалатын. Көк уаздан түскен Асаудың тура осы сарайға қарай тұра жүгіруінің себебі де сонда.

— Ассалаумағалейкүм, ата, — деді Асау есіктен кіре сала.

— Молда бол, бұ қай бала? — деді ақсақал. Балақайдың кіммен, қашан келетінін о бастан біліп отырған.

— Әбекеннің баласымын ғой, ата! Толған әжеммен келдім, — деп тақ ете қалды.

Асаудың атасы мен Жанәбіл ақсақал туған бауыр. Ертеректе дүниеден озған. Содан кейін жылда Жәкен мұның ауылға келіп, ағарған ішіп, демалып кетуін балаларына тапсырып отырады. Немере арасынан жанына сүйкімдісін тандап, бауырына басқанымен, Асауды ерекше жақсы көреді. Інісінен қалған тұяқ қой. Оның үстіне бауырына берген серті бар.

Жанәбіл мен Әбіш қойшы отбасында дүниеге келген. Ашаршылық басталған заманда бұлар енді ғана есін білген ойынбаласы еді. Үкімет қорадағы малды кәмпескелегенде әкелері қора ішінен қойма қазып, бірнеше қошқардың етін ешкім сезіктенбейтіндей етіп жасырған. Соның өзінде үйдегі бес адам күніне бір тілім етті құр суға қайнатып, сорпа қылып ішетін. Қос қойдың еті екі жылдық аштықтан аман алып қалды. Далалықта асқазаны жабысып, еріндері тасқа айналған мәйіттерді көргенде бауырлар естен алжасардай күйге түсетін. Сондай күннің бірінде Әбіш ағасына:

— Ағатай, әке-шешеміз де осылардай өліп кетсе не істейміз? Күніміз не болады?—деп жылап қоя беретін. Алты жасқа енді толатын Жанәбіл мұндайда бойын тіктей қалып: «Мен барда ештенеден қорықпа, өзім қорған боламын», — дейтін. Өмір ерте есейткенін көрген адам бірден ұғатын. Кейін тоқшылық заман оралып, бауырлар тіршіліктің ізімен екі бөлек қоныс аударды. Құдайдың жазуымен Әбіштің дәм-тұзы ерте аяқталды. Туған-туысқа «ертерек қамданындар» деген хабар жеткенде, ағасы дереу жанына жетті. Інінің соңғы тілегі де сол ашаршылық кезіндегі әңгімеден алыс емес еді.

— Балаларыма бас-көз бол. Қош, бауырым!

Жеті жасар Асауға ауылда қарап тұрған тірлік жоқ. Жанәбіл мұнда алдыртқаны баланың шаруашылыққа үйреніп, табиғи тамақтан қопайып қайтса деген ойынан туған ғой. Өйткені «сыыршы ауылда» күнделікті түс мезгілінде ет асу әдетке айналған. Дастарқанның төменгі жағында қаз-қатар тізіліп отырған балалар тұйып өркеніне, қазы-қартаға тыңқия түйе алады да сыртқа асығады. Мұндайда ақсақал киіз үй есігінің алдына жайғасады да, балаларының біріне бөшке шұбат алып келуді тапсырады. Ағарғанды сапар кесеге шүмпілдетіп құяды да: «Осыны тауыспағандарың сыртқа шықпайсындар», — деп отыра береді. Аш құрсақты етпен толтырған жүгермектер мұны қалай тауыссын? Қиыны ақсақалға айла өтпейді. Амалы таусылған балалар бірінен-соң бірі «тиесілі» сусынын көзді жұмып тұрып сіміреді де, үй артына қарай жүгіретін. Жан-жақтағы бір рудың балалары көктемде құр сүлдері келіп, күзге жакын қонмен қалаға қайтатын. Содан кейін де әке-шешелері жылда жайлауға жібереді.

Жайлаудағы Асау үшін ең ауыр жұмыс — күн шықпай тұрып қораны түйенің құмалағынан тазалау. Ұйқыдан оянбаған бес-алты баланы жөнгелері еркелете оятып, сыммен қоршалған алаңға кіргізіп жібереді. Алғашында Асау бұдан жиркенетін. Кейін көз үйреністі ме, әлде жарты сағаттық жұмыс біткен соң берілетін жөнгелердің сыбы қызықтырды ма, өзіне тиесілі алаңды бәрінен бұрын тазалап тастайтын. Киіз үй жанындағы құманға жуынғандай болады да, көне қостағы ошақтың жанына жайғасып алады. Өйткені сиыр сауып келген жөнгелер үлкен қара қазанға сүт, келесіне бауырсақ қуырады. Көп ұзамай үлкен кеселе қаймағы қалқыған сүт пен түрлі тәтті алдына келеді. Тамшысын қалдырмай тойып алған соң, қосқа байланған аттың бірі мініп, қайда тартып отырса да бұған ешкім «қой» демейді. Бірақ бұл босқа жүргенше төбе төңірегінде жайылып жүрген қойды шөбі шүйгін жерге қарай айдай кетеді. Жүгірмектің тыныш қайтатын кезі жоқ. Бірте-бірте қойды отардан жоғалтып алса, кейде бота мен түйені «жамыратып» алады. Анау күні мінерге жануар таппаған Асау арбаға жегіп жүрген атанды босатып алып, қой бағуға кеткен. Сол күні тарпақтай шапқан түйенің бауырына дейін ауып, тапталып қала жаздаған. Қайта үстіндегі бала екенін жануар сезгендей райынан қайтқан. Әйтпесе бір жерін майып қылары анық еді. Мұны да өзінен басқа ешкім білмейді.

Асаудың жайлаудағы бұл демалысы да шытырман оқиғасыз аяқталмады. Әлгінде үй арасында анда-мында ат үстінде шауып жүрген. Есік алдындағы ағаның бірі: «Ана ауылға жақындап келе жатқан боталарды әрі қарай айдап жібер», — деп тапсырған. Бұл пайдасы тиетініне қуанып, батысқа қарай шаба жөнелді. Қамшыны жиі-жиі басып қояды. Сол-ақ екен таяқтан қажыған жылқы құйрығымен қамшыны қысып қалды. Асау әрлі-берлі тартып көріп еді, әлі келмеді. Санаулы сәт ішінде абырпып қалған балақай жүйіткіп келе жатқан жылқы үстінен секірді де кетті. Қорыққан ғой. Жерге жайлы түскен сияқты еді, бірақ үсті-басын қағып жатып сол қолының қисық тұрғанын көрді де, былтырғы аңыраған даусына қайта басты. Тағы да сол Күнтілес пен Сәулеш баланы көлікке отырғызып, қалаға тартып отырды. Бірақ бұл жолы оңай жетті. Орнынан тайып кеткен шынтағын салдырып жайлауға алып келді.

Үлкендер мұны ендігіде атқа мінгізбеу керек екенін даулап, шуласып кететін. Жанәбіл ақсақал бұлардың сөзін пысқырмай, ең жуас деген жылқыны Асауға ерттеп берді. «Бала осылай жүріп үйренеді. Кейін шабандоз болады», — дейтін. Жаз аяқталғанша көк шолақтың үстінде асыр салып, талай қызықты бас-тан өткерді. Бастысы, басы жарылып, аяғы сынған жоқ. Тек орнынан тайып кеткен шынтағының дұрыс салынбағаны болмаса...

Құздің салқыны байқалып, сабақ басталар күн таяғанда әжесі мен немересі үйге қайтуға қамданды. Жанәбіл ақсақал баланы сарайына шақыртып алды да: «Балам, жақсы демалыс болды ма? Мал бағуға көп көмегін тиді. Мынау сенің айлығың», — деді де бір жылқының құнын қолына ұстатты. Қайбір шаруаға көмегі тиді дейсін?! Бұл ақсақалдың «Асауды еңбекке бауылған түрі болса керек.

Жылға жетпей ақсақал мәңгілік өмірге аттанды. Бұдан кейін Асаудың да жайлауға жолы түспеді. Кімді іздеп барады? Шалдың балалары еншілерін алып, бірі теңіз жағасына, екіншісі қалаға, енді бірінің қайда кеткенінен хабары жоқ. Әсілі мұны жайлауда Жәкендей күтетін адам табыла қоймайды-ау.

Сартай БАЙЖАН

5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – ТӘРБИЕДЕН

Экология – бұл тек ғылым емес, сонымен қатар жүрекпен сезінетін өмір салты. Мақаламыздың кейіпкері үшін бұл мамандық бала күнінен бастау алған саналы өмір жолының жалғасы.

Бүгін, 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні. Бұл – табиғатты қорғауға өмірін арнаған жандардың еңбегін бағалайтын күн. Олардың қатарында эколог, қоғам белсендісі және табиғат жанашыры Хамида Токумова да бар. Хамида Токумованың табиғатқа деген махаббаты отбасыдан бастау алған. Бала кезінде ата-анасы оны жиі қала сыртындағы табиғат аясында демалуға, Қазақстанның әр түкпірінен саяхаттауға алып баратын. Бұл серуендер тек демалыс қана емес, нағыз экологиялық тәрбиеге айналған. Анасы әр өсімдікті таныстырып, оның емдік немесе ерекше қасиеттері жайлы әңгімелесе, әкесі табиғатқа құрметпен қарауға баулыды. Қай жерде жүрсе де қызық қалдырмай, табиғатты тап-таза күйде қалдыру – отбасылық қағида.

Осылайша, табиғатқа жанашырлық ерте жасынан бойына сіңген Хамида бесінші сыныптан бастап биологияны тереңірек зерттей бастаған. Ал жоғары сыныптарға келгенде, өз болашағын экологиямен байланыстыратынын анық түсінеді.

– Эколог – бұл дәрігер тек адамның емес, табиғаттың дәрігері.

Бұл менің мамандығым ғана емес, бұл менің миссиям, – дейді ол.

Хамида Токумова үшін эколог болу – тек ғылыми қызметпен айналысу емес. Бұл – күнделікті өмірде де табиғатқа жанашырлықпен қарау. Оның үйі мен тұрмысы – экологиялық жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Электр энергиясы мен суды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау және тапсыру, экологиялық қауіпсіз өнімдерді тұтыну – мұның бәрі оның күнделікті әдетіне айналған. Ол үнемі өзімен бірге көп реттік су бөтелкесін, кофе стақанын және шоппер сөмкесін алып жүреді, бір реттік ыдыс қолданудан мүлде бас тартқан. Артық қаптамасы бар өнімдерді сатып алмауға тырысады, қажетсіз киім-кешектер мен тұрмыстық заттарды әлеуметтік қорларға табыстайды.

– Эколог болу – бұл жай білім емес, бұл – ойлау жүйесі. Егер мен бір нәрсенің табиғатқа зиян екенін білсем, оны қолданбаймын. Себебі әр әрекетіміз табиғатпен тікелей байланысты, – дейді Хамида.

Ол сондай-ақ балаларын да осы көзқараспен тәрбиелейді. Экодағдыларды ерте жастан қалыптастыруға тырысады. Ағаш

отырғызу, қайта пайдалануға болатын заттарды қолдану, саналы тұтыну – отбасының ортақ өмір салтына айналған.

Бүгінде әлем алдында тұрған экологиялық мәселелер – климаттың өзгеруі, ормансыздану, су тапшылығы, пластикалық ластану мен биоалуантүрліліктің жойылуы – баршамызға ортақ. Қазақстанда да бұл түйткілдер өзекті. Арал теңізінің жағдайы, Семей ядролық полигонының салдары, қалалардағы ауаның ластануы, су ресурстарының тапшылығы және шөлейттену үрдісі. Осы проблемалардың барлығы Хамида Токумованы бейжай қалдырмайды. Бірақ ол үмітін үзбейтінін айтады.

– Экологияда Коммонер заңы бар. Соның бірі – «Табиғат өзі жақсы біледі». Егер біз табиғаттың заңдылықтарын құрметтесек, тепе-теңдікті сақтасақ – болашақта тұрақты өмір салтына қол жеткізе аламыз, – дейді ол.

5 маусым – экологтардың мерекесі. Бұл күн – табиғатқа қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандардың еңбегіне тағзым ету күні. Хамида Токумова – осындай маман. Оның әр ісі мен таңдауы – табиғатты



сақтауға бағытталған. Оның осы табиғатты қолдау мақсатында бастау алған бірнеше жобасы бар. Атап айтқанда Қазақстандағы алғаш эко-арт көрмесі. Мақсаты – сурет арқылы табиғатты қорғаудың қаншалықты маңызды екенін көрсету. Жобада бірнеше экологиялық мәселелер көтерілген.

Экология – ол үшін тек ғылым емес. Ол – сенім. Табиғатпен үндес өмір сүру һәм болашаққа деген жауапкершілік. Хамида секілді жер анаға жанашыр азаматтар барда, табиғаттың ертеніне деген сенім мол.

Нұршат НЫШАНОВА

РУХ САНЫНЫҢ ТАҒДЫРҒА ӘСЕРІ БАР МА?

Сандардың көмегімен әр адамның болашағын болжауға болады. Нумерологияда тағдыр саны, сәттілік саны, ақша коды секілділермен қатар «рух саны» деген де ұғым бар. Сіздің рухыңыздың саны қанша, ол тағдырыңызға қалай әсер етеді?

Ежелгі нумерологиялық мектептер рух санын анықтау үшін туған күніне негізделген сандық көрсеткіштерді мұқият зерттеген. Олардың арқасында адамның негізгі мінез-құлық қасиеттерін және оның өміріндегі оқиғаларды сипаттауға болады.

Рух саны адамның ішкі бағдаршысы, жеке «компас» деп аталады. Ол адамның өзіне деген көзқарасын, жеке талаптарын және ішкі жағдайын анықтайды. Рух санының ең үлкен әсері 35-40 жаста, өмірдегі күтпеген өзгерістер кезеңінде байқалады. Ол жеке тұлғаның барлық нумерологиялық критерийінің ішіндегі ең маңыздыларының бірі дейді нумерологтар. Оның әсерінен қоғамдағы басқа адамдармен байланыс қалыптасады. Байланыстардың берік болуы да рух санының мән-маңызына назар аударып, кеңестеріне құлақ түріп жүруіне байланысты. Дұрыс дос таңдау, ерлі-зайыптың қарым-қатынасты дұрыс құру, өзіне деген махаббаты табу, талғамның қалыптасуы – бәрі-бәрі рух санымен тығыз байланысты.

Ол тұлғаның болмысын, қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Оның жағымды мінез-құлқы, жақсы қасиеттері, түзетуші қажет ететін тұстары, жасырын таланттар мен қандай қасиеттерді дамыту керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Рух санын қалай есептейді?

Ол үшін туған күн датасы қажет. Егер туған күніңіз айдың 1-і мен 9-ы аралығында болса, сол санның өзін аласыз. 10-ы мен 31-і аралығында болса, бір-біріне қосыңыз (мысалы, 29: 9+2=11, 1+1=2). Рух, жан санын білу жеткіліксіз. Әр санның толық түсіндірмесімен танысу қажет.

«Бірліктер» өзімшіл және импульсивті. Көшбасшы болып туғандықтан, олар ешқашан алға қойған мақсаттан ауытқымайды. Басқалардың пікірімен санасатын жері аз, кез келген мәселені өз бетінше шешеді және қабылданған шешімдерге толық жауапкершілік алады. «Бірлік» иелерін Күн басқарады, бұл оларды батыл және өзіне сенімді етеді.

Өте қамқор, басқалардан да өзіне сондай қамқорлық, көңіл күтеді. Оларға біреумен жананы қарым-қатынас орнату оңай, ажырау қиын. Жақаны тез қабылдайды, заманауи дүниелерді жақсы көреді. Өмірдегі тоқыраулардан депрессияға түсуі тез.

«Екіліктер» – өмірінде гармония орнатудан ең мықты жандар. Олар бәсекелестіктен, өсек пен интригадан алыс. Ашық қақтығыстарға бармайды. Егер байқаусызда конфликтке тап болса, бейтарап позицияны ұстанады. Қолына алған кез келген істі жан-тәнімен орындайды. Жеке бас пайдасы үшін



«Қолыңнан келсе, қонышынан бас» демейді және жасаған жақсылығы үшін қайтарым күтпейді.

Олар Айдың бақылауында өмір сүреді. Әдемі, үйлесімді, романтикаға толы өмір. Шешім қабылдауда әлсіздеу, ұзақ ойланады, көп сараптайды. Ренішті ұзақ сақтап, кейде тіпті қатыгез, кекшіл бола алады. Ал шынайы дос бола білгендерге олар үшін құрбандыққа бара алатын адал жолдас. Логиктер емес, өзін тек іспен көрсететіндер.

«Үштіктерді» нумерологтар өзі үшін өмір сүретін, осы сәттен ләззат алатын, көп нәрсеге үстіртін, жеңіл-желпі қарайтын адам ретінде сипаттайды. Олар жұмыста да, тұрмыста да әр әрекетінің арты неге апарып соғатынын ойлай бермейді. Көпшіліктің назарында болуды ұнатады және көпбасшылық позицияларды алуға ұмтылады. Осы кездегеніне көбіне жете алады.

Көпшілікпен ауызбіршілікте болуды, принциптерінен айнымауды, тек алға ұмтылуды жөн көреді. Батыл, тәуелсіз, айқын ұстанымы бар. Парызды құрметтейді, орындауға барын салады, қамқорлық пен сүйіспеншілікті білдіруде жомарт. Оларды Юпитер басқарады.

«Төрттіктер» – еңбеккор, жайдарлы мінез иелері. Өз мойнындағы міндетті, жауапкершілікті басқаларға аудармайды. Бәрін өзі істеуден, қабілет-дағдыларын жетілдіруден ләззат алады. Шығармашылық дарыны бар, бірбеткей әрі табанды. Ақсүйектер секілді өмір сүргенді жақсы көреді. Өрлеу мен құлдырауларды, жаңашылдықтарды лайықты қабылдай біледі, батыл және шыдамды.

«Бестіктер» – белсенді, жігерлі, ынтылы адамдар. Жаңашыл идея, қызықты ой мен ұсыныстардың кені десек болады. Көбіне позитивті және мейірімді қалыпта, алайда кей сәтте шыдамсыздық пен жүйкесінің жұқарғанын көрсетіп қояды.

Тамаша дос, қызықты және ақылды әңгіме айта алатын әңгімелесуші бола алады. Оларды басқарушы Меркурий үнемі көпшілікті баурап алуы білетін оптимистерге айналдырып тұрады. Кәсіпкерлік қолынан келеді, ақшаны басқара біледі, сенімді бизнес-серіктес бола алады. Саяхаттауды жақсы көреді және үздіксіз білім алу үстінде.

«Алтылықтар» – романтикаға берілгіш, креативті және арманшыл жандар. Кейде шын қытығына тисең, қаттылық көрсете алады. Табиғи харизмасы мен тартымдылығы бар, өте қонақжай және үй шар-

уасына епті адамдар. Қонақ күткенді және қонаққа баруды жақсы көреді. Талғамы биік, өзін-өзі ұстау мәнері тамаша, көркем мінез иесі. Оларды Венера басқарады.

«Жетіліктер» – басқалардан өзгешеленіп бірден көзге түсетін ерекше жандар. Интуициясы өте жақсы. Көбіне экстрасенстік қабілеттерге ие, өзін көпшіліктен оқшау ұстайтын, жұмбақ жандар болып келеді. Тума талант иелері болғандықтан, өмірі, тұрмыс-тіршілігі шығармашылықпен, өнермен тығыз байланысты. Ешкім білмейтін, өзіне ғана мәлім қиялындағы жеке әлемінде өмір сүруі де мүмкін. Батылдығының, тәуекелге бас тіге алатын қасиетінің арқасында табыстың шыңына жетеді. Сезімге берілгіш және адамдарды алааламайды.

«Сегіздіктер» – сән-салтанат пен жайлылықта өмір сүру үшін туған адамдар. Олар қаржыны оңай тартады, бизнесті сәтті жүргізеді және болашағы өте жарқын. Жаны нәзік, қамқөңіл жан, жүрегі тез жараланып қалады. Сондықтан адамдарға ашыла алмайды, эмоциясын көрсетпеуге тырысады. Сабырлы, парыздарына адал, өз міндеттерін үнемі орындайды. Жақын досы аз, ал дұшпандарын аямайды. Оларды Сатурн басқарады

«Тоғыздықтар» – зиялы, дана, кеменгер, нағыз ойшыл не ғалым болатын жандар. Өзін жан-жақты дамытып, тұлғалық қасиеттерін, қабілеттерін аша алады, дамытады, өміріне үйлесім орнатуға ұмтылады. Мақсатын анықтап, межелесін көздесе, ешбір кедергілерге қарамастан діттеген жеріне жетеді. Спортшы болса, биіктерден көрінеді. Жауапты әкімші, табысты менеджер бола алады. Оларды Марс басқарады.

Жан санының арқасында неке серіктестерінің үйлесімділігін де болжауға болады. Ең жақсы отбасы бола алатын одақтар:

- Рух сандары бірдей екі серіктес.
- Бір және төрт бірін-бірі жақсы толықтырады.
- Екі санының иелері мен жеті, сегіз және тоғыз сандарының иелері бір-біріне сәйкес келеді.
- Үш саны үшке еселік болатындармен қосылса, бақытты болады (үш, алты, тоғыз).
- Бестіктер бірліктермен және тоғыздықтармен үйлесімді.
- Алтылар үштіктермен тоғыздармен жақсы жасасады.
- Жетілер өздері сияқты жеті санының иесімен ғана бақытты бола алады.
- Сегіздік екілік пен алтылыққа сәйкес келеді.
- Тоғыз бестік пен жетіден басқасының барлығымен үйлесімді.

Нумерология – өте терең ілім. Рух саны бойынша айтарымыз осмен таусылмақ емес. Әрі қарай үңіле түскен сайын, өзіңіз жайлы ұшан-теңіз ақпарат кеніне тап боласыз.

Аударған:
А.МЕЙРХАНҚЫЗЫ